Мақалада қазақ халқының ойшылдық дәстүріндегі еркіндік идеясына тарихи-философиялық талдау жасалады. Автор шабыттаны, мақсатқа ұмтылыс, өз болмысының әлсіздіктеріне қарсы тұра білу ретінде түсіндірілетін еркіндік – адамға ғана тән қасиет, адамды – адам қылатын тетік екеніне назар аударады. Мақалада «Зар-заман» дәуірінің ойшылдарының философиялық көзқарастары, Бұқар жыраудың этикалық ойлары, сондай-ақ басты орынға халыққа риясыз қызмет ету, оның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресті қойған «Алашорданың» көрнекті өкілдерінің философиялық ұстанымдары зерттеледі.

Summary

Barlybayeva G.G. Idea of independence in Kazakh philosophy

Historical-philosophic analysis of freedom in thinking tradition of the Kazakh people is given in the article.

Author marks that the freedom, perceived as a strive, recoluteness, as an ability to oppose itself to its being is the specific legacy of only human, is what that makes an man a human. Philosophic thoughts of the thinkers of «Zar-Zaman» epoch, etnical contemplations of Bukhar-zhyrau, and as well as philosophic credo of the prominent activists of «Alash-Orda», putting as a most significant to serve people and struggle for its freedom and independence.

Ж.Б. ОШАҚБАЕВА

ЖЫРАУЛАР ДӘСТҮРІНДЕГІ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНО-МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ

Руханилық – адам танымы мен дүниеге көзқарасының адамаралық қарым-қатынастағы биік адамгершілік қағидасы. Руханилық мәдениеттің құнарлана түсуіне, оның іргетасының бекуіне ықпал ететіндіктен, руханилықтан алшақ мәдениеттер мен өркениеттер іштей құрылымдық ыдырауға ұшырайды. Руханилық жеке адамға да, үлкен әлеуметтік топтарға да, дінге де аса қажет. Ол – қоғамымыздың әлеуметтік дамуы, рухани жетілуі үшін нәр алатын асыл құндылықтар. Қазақ танымында үш түрлі білім қоры жинақталған. Олар: *табиғат туралы, қоғам туралы* және осы екеуінің қабысуында туындаған *адам туралы* ұғым. Бүгінгі ғылым дамыған дәуірде табиғат пен қоғам туралы ғылым-білімдердің шарықтап, сан-сапалы арнаға түскені баршамызға белгілі. Ал адам өрісі табиғат бөлшегі ретінде қарастырылады.

Қазақтың рухани жан дүниесін, ішкі құбылысын, рухын тануда зерттелетін мәселелер көп. Егер де рух туралы айтар болсақ, ол туралы нақты анықтама беру қиынға соғады. Мысалы, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» рух дегеніміз табиғи, материалдық бастамалардан өзгеше, затсыз, идеалды бастаманы, қуатты, батылдықты білдіретін ұғым ретінде қарастырылады. Рух әлемі көзге көрініп, қолмен ұстайтын нәрсе емес. А.Х. Қасымжанов тарихта халықтың рухани негізі түрлі қиындықтарға кездеседі, алайда, рух бар жерде халық та болатындығын айта келіп: «Рухани байлық дегеніміз – саналы да, санадан тыс, сезім мен ақыл біріктіретін халық тұрмысының әдептілік тетігі» [1, 4 б.], – деп өз ойын жалғастырады. Философиялық мәнінде рух абстракция, ол айқындалған шындық, немістің классикалық философиясында рух туралы көптеген құнды пікірлер бар. Сократтың шәкірті Платонға адам тек рух пен дененің бірлігі ғана емес, сол рух дегеніміздің өзі адамды адам ететін субстанция деген идея жатады. Адамның жалпы сипаты рухтың сапасына байланысты. Оның пікірі бойынша, бірінші орында философтың рухы, соңында рақымсыз, жауыздың рухы жүретін «рухтардың бағыныштылығы» бар. Себебі философтың рухы даналыққа жақын, білімге құштар болып келеді, бұл – адамның жануардан басты айырмашылығы. Аристотельдің адамды философиялық түсінуінің маңызды жетістігі оның әлеуметтік сипатын негіздеуімен байланысты. Ойшылдың «Адам – мемлекетте өмір сүруге арналған тірі жаратылыс иесі» деген сөзі сақталған. Ол өз ақылын жақсылыққа да, жамандыққа да бағыттауға қабілетті, ол қоғамда өмір сүріп, заңдарды меңгереді.

Ұлы ойшыл Гегель «Рух феноменологиясы» деген еңбегінде рухтың көріну формаларын айта келіп, өзіндік санаға ерекше тоқталады. Расында өзіндік сана мен адамның еркіндігі, бостандығы бір-бірімен байланысып жатқан диалектикалық құбылыс. Адам дүниеге келген уақыттан бастап еркіндік пен бостандық туралы идея да өмір сүреді. Гегельдің пайымдауынша, «Еркіндік – өлім мен өмірдің арасындағы процесс», «Ақыл-ой дегеніміз – рух». Әрине рухты жалғыз ақыл-оймен жеткізу, сипаттау жеткіліксіз. Гегель еркіндік ұғымын «рухтан» шығарады, бұл логика, табиғат философиясы және рух философиясынан тұратын гегельдік жүйенің үшінші сатысы. Мұнда абсолюттік идея табиғаттан бөлініп, жанданады және өзінің мәнін абсолюттік рухтан табады. Адам табиғаттың бір бөлігі. Бірақ адам рухы – табиғаттың жемісі емес, абсолюттік рухтың жемісі. Табиғаттың өзі де рухтан өсіп-өнген. Рухтың өзіндік дамуы үш сатыдан тұрады. Біріншісі – «субъектілі рух» – үш түрге бөлінетін жеке адамдық сана; екінші сатысы – «объективті рух» – адам қоғамы және оның басты үш формасы: құқық, адамгершілік, мемлекет; үшіншісі – «абсолютті рух» – өнер, дін және философиядан тұрады. Рух төменнен жоғарыға өтудің даму жағдайында болатын бүтін және тұтас нәрсе. Гегель рух дамуының қозғаушы күшін субъект мен объектінің диалектикалық қайшылығы деп есептеді. «Рух субстанциясы дегеніміз еркіндік, яғни, басқадан тәуелсіз болу, өзіне деген қарым-қатынасың» [2,207б], шындығында, еркіндік – қажеттілікті жоқ қылудан емес, нағыз мінезі бар оның санасындағы мазмұнын ашудан тұрады. Адамзат тарихы еркіндік санасындағы, яғни рухтың, ойдың алға дамуы болып табылады.

Руханилық өз мағынасында адам мен қоғам арасындағы қатынастың дәнекері болатындығын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Өйткені адам оларды қоғамға тән барлық құндылықтар арқылы бойына сіңіріп отырады. Сол сияқты руханилықтың ата-текке байланысты қасиеттерін де жоққа шығаруға болмайды. Осы жерде Бұқар жыраудың: «Жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да тартпай қоймас негізге» деген жырын мысалға келтіруге болады. Біздің пікірімізше, адам рухы

табиғаттан тыс құндылықтар ретінде сипатталуы қажет, яғни рух адамның дүниені түсіну нәтижесінде қалыптасатын, өз тіршілігі үшін адамның болуын қажет ететін ұғым ретінде қарастырылады. Адам рухы шектілікті заңдарға, қажеттілікке бағынбайтын өзіндік мәні бар болмыстың маңызды бөлігі және өзіндік ерекшелігі. Адамның қоршаған ортамен байланысы арқылы туындаған руханилық тіршіліктегі, мәдениеттегі, білімдегі ұдайылықты, тұрақтылықты қамтамасыз етіп отырады. Осы рухани тектіліктер арқылы қоғамдағы мағыналы құндылықтар мен қазыналар ұдайы өмір сүреді, олар салт-сана, әдеби, ғылым, өнер шығармашылығы арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады. Сондықтан да адамның руханилығы шексіз.

Адам өзінің даму процесінде қажеттілік пен еркіндіктің бірлігі екендігін айқын көрсетеді. Бір жағынан, ол табиғатпен тығыз байланысты, соған бағынышты, екінші жағынан, ақыл-ойы, зердесі, парасаты бар. И.Канттың ойынша, адамның түпкі мәнінің өзі еркіндікке жатады, оны айқындап көрсететін – оның парасаты мен адамгершілігі. Адамгершілік адамның бақытқа ұмтылуымен тығыз байланысты, ал адамгершілік үшін форма қажет. Канттың ойынша, ол категориалды форма – парыз. Егер адам істеген ісін парыз деп түсінсе, онда адамгершілігі бар, парасатты адам болғаны. Адам өзіне мақсат қоюы керек, өз іс-әрекетінде басқаға құрал емес, мақсат ретінде қарауы керек. Канттың ойынша, ең жоғарғы және қасиетті – ол адам, яғни адам өмірдегі ең жоғарғы мақсат. Кант философия тарихында алғашқылардың бірі болып адамгершілік рухтағы этиканың негізін қалаған [3,155б.].

Адамның руханилығынан туындаған жеке тұлғалық болмысының толыққандылығы адамгершіліктің, тәрбиеліктің көзі, іске асырушысы болып табылады. Осындай жағдайда кешегі замандағы тоталитаризм жүйесі кезеңінде адамның жеке қасиеті мен шығармашылық қасиеттері арасындағы байланыстың үзіліп, адамның жеке тұлға ретіндегі кісілік қасиеттері қарастырылмай кеткендігін атап өтуіміз қажет. Себебі адам, шамасы келгенше, өткен кезеңдер тәжірибесін жинақтап, сұрыптап, оның рухын өз бойына сіңіруге тырысады. Сол себептен де адам бойында, оның кісілік болмысында, сана-сезімінде қазіргі рухани мәдениетіміздің кейбір формалары мен өткен кезең мәдениетінің көріністері, бейнелері ұшырасады. Кей жағдайларда олардың арасында қайшылықтар болып қалуы мүмкін, мұндай кездерде ол кедергілерді адамның дүниетанымдық мүмкіндігіне, мұраттарына, кісілік қасиеттеріне байланысты жеңуге болады. Өткен кезең мәдениетінің тұңғығына бойлап, оның ішкі мазмұнын түсінуге тырысу адамды рухани байытады. Өткен кезең мәдениетінің інжу-маржанын өз бойына сіңіре алмаған, одан рухани нәр ала алмаған адам бүгінгі заман ағымына ілесіп, өзіне сай ерекшелік дәрежесіне еркін жете алмайды. «Руханилықтың арқасында адам мәдениет әлеміне енеді, оның өзіндік ерекшелігін көрсетеді, – дейді М.С.Орынбеков. – Сонымен бірге руханилық дамыған адамды заттың, табиғаттың себептерінен ерекшелеп тұратын қыры болып табылады» [4,196-б.].

Қазақ халқында «жеті атасын білмеген жетесіз» деген дүниетанымдық мағынада айтылған керемет философиялық көзқарас бар. Бұл ұғымның мәні өте тереңде жатыр. Ата-баба аруағын сыйлау, кішірейтпеу – әрбір қазақ азаматы үшін қасиетті борыш саналады. Адамның рухани дүние болмысы томаға-тұйық бітім емес, ол шексіз. Сондықтан оның даму және жетілу үдерістерінің мүмкіндігі жоғары дәрежеде болады. Адамның кісілік, тұлғалық рухтық көрсеткіштерінің бірі деп адамдардың бір-біріне деген сыйластығы, олардың әртүрлі сарындары, іс-әрекеттілігін бір сабырмен, салқындылықпен қабылдап алуын айтамыз.

Жыраулықтың мәдени дәстүрі, рухани адамның ақындығы мен сауаттылығында, сезімталдығы мен зерделілігінде, терең пайымдаушылығы мен нақты кісілік шешім қабылдауға дайын келетін табандылығында және ел болмысының мән-жайын терең ұғынып, рухани тәжірибесін ұлттық рухтың интеллектуалдық қуатына айналдырып отыруында. Яғни жырау әрбір ұлт мүшесі жеке адамның ұлттық табиғатын, ұлттық көзқарасын қалыптастырып, ұлттық ойлауының өрісін кеңейтетін ана тілдің, ұлттық ділдің, ата-баба дінінің, ата баба дәстүрінің қамқоршысы. Жыраудың ханға айтқан тура сөзі кім-кімге де зиялы кеңес. Қай елдің философиясы болмасын, олардың ұлттық идеялық негізде қалыптасуына себеп болған ұлттық поэзия. Даналықтың өзі рухтан туған ой. Жекелеген адамдардың ұлттық өнерінің бойында бар идеялар, халықтың ішінен зиялылардың ел алдына шығуына, елге кәсіби білім бағытында қызмет етуіне жетекші болғандығы көпшілікке аян. Сол сияқты «жыр рухына» кездейсоқ қарау мүмкін емес, әсіресе қазақ елі үшін жыр ұлттық идеяның терең арнасы. Ел мүдесіне, ұрпақ игілігіне ауадай қажет барлық құндылықтарды сақтап, реттеп, бірі өмір сүру үшін бірінің қажеттілігін сақтап, оны тұтастай ұлттық рухтың қуатына айналдырып отырған осы жыраулар дүниесі. Жыр бейнелі ой, білімді сөз, зерделі түсінік, саналы өмір, кісілік

қасиеттердің өрісі, тұлғалық көзқарас, сезімталдық, ұлы мақсат, ұлттық мұрат. Осы құндылықтардың танымдық негіздері, құндылықтың бағдары жыраулар даналығының негізгі тақырыбы.

Қазақ жырауларының ұғымында әр адам өзінің кісілік рухына адал болса, өз ісінің зиялысы. Тұлғалық адамнан талап етілетін қасиет. Сол себептен зиялылық адам санасында не істеу керек деген сауалдан емес, бірлікке ұмтылыстан, елдікті ұғынудан, құрметтеуден туындайтын қасиет.

Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа,
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа [5,28 б.].

Кейінгі ұрпаққа айтып кеткен Асанқайғы даналығының мазмұны осындай. Ұрпақ ұлттық рухпен неғұрлым жақын тәрбиеленген сайын ол өзінің адамдық бейнесін ішкі рухпен қаруландырмақ. Ұлттың негізгі құндылығы ұрпақ болғандықтан, ұлттық идея ұрпақ рухына қызмет етуден алшақ кетпейді. Жырауларымыздың «Ел-Жұрт» идеясының мақсаты ұрпақ санасында қазақтың әлеуметтік өмір этикасы мен эстетикасының болмысын сақтап отыру. Осы бағытта қазақ жырауларының тағы бір бағыттағы ой толғамдары ұлттық мүддеге бағытталды:

Кіндігімді кескен жұрт,
Кір қоңымды жуған жұрт,
Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт [5,32 б.].

Ел дегеніміз ұлттың тамыры қалыптасып, халықтың бірлікте, еркіндікте өмір сүріп жатқан ортасы. Елдің бейнесі бейбіт, тынысы ұлттық кәсіп, рухани өмірі бірлік, елдік қарым-қатынасы. Ел сонынмен қатар ердің ұясы, негізі, тірек ететін негізгі қуаты. Жұрт деген ұғымға келетін болсақ, қазақ халқы өзінің ата мекенін айналып көшіп жүре бермеген, қазақ отырықшы да халық. Оның себебін «жұрт» түсінігінен байқауға болады. Адамның өрісі ел дейтін болсақ, оның дүниеге келіп, өсіп өнген шағы, аяқтанған кезі бұның барлығы елдің рухымен де тығыз байланысты. Ата мекен жердің аумағы тарылып, ел азайған шақта ұлттың жойылмауына оң ықпалын тигізетін нәрсе бұл әрине туған жерге деген түсінік. Қазтуған жыраудың «ел-жұрт» толғауының экзистенциалдық идеяға айналып отырған себебі осында. Яғни «жұрт» елдің, ердің тарихи ізі, санада сақталатын бейне, адамды елдікке бастайтын білім.

Қазақ ұлты жердің қадірін оның құнарымен бағалаған, жердің құнарының адамға берер қуатын философиялық деңгейде пайымдаған. Жыраулар философиясындағы жердің құнары туралы ой толғамдар ұлттық рухты көтерудің мәселесіне де айналған. Жырау қазынасы ұлттық құндылық. Оның жан дүниесіне жақын ұлттық рухтың үнін жеткізетін жырау идеясы елдің тұлғалануы үшін жаратылған күш. Адам баласының рухани қалыптасуының, әлеуметтенілуінің қозғаушы күші – бұл қажеттілік. Сол қажеттіліктерді жүзеге асыру бағытында адам өзінің тәжірибесін қалыптастырады. Сол сияқты жырау ел ішінен қоғам алдына кездейсоқ келетін адам емес, жырауды халыққа ұстаз қылатын оның рухы. Жырау заманалық білімнің иесі. Олардың идеясы ғасырлар бойы халыққа білімнің рухын, ғылымның қызметін түсіндіріп келуде. Сапалы білімге, нағыз ғалымдыққа қол жеткізу үшін адам пайымдауды үйренуі қажет. Әрбір жыраудың поэзиясы арқылы ұрпақтың ел тарихын, сол тарихи кеңістіктегі ұлттық зиялылар өкілдерінің рухани қызметінің бағытын білуі алдымен оның өзін құндылықтарға бағыттайтын нәрсе.

Асан қайғы дүниетанымында адамгершілік мәселесі негізгі орын алады. Асан қайғы адамның өзін-өзі танып білуін, ашылып түсінуін, өмірдегі орны мен деңгейін дұрыс бағалайтын, әрекет-қимылдарын сын тұрғысынан саралай алатын қабілетін адамгершіліктің түпнұсқасына балайды. Оның өмірге деген парасатты көзқарасы, еліне деген бекем сүйіспеншілігі, адамдықты құрметтей білген қабілеті қазақ халқының сана-сезімін жаңа сатыға көтеруге зор ықпал етті.

Күнінде өзім болдым деп,
Кең пейілге таласпа.
Артық үшін айтысып,
Достарыңмен санаспа.
Ғылымым жұрттан асты деп,
Кеңессіз сөз бастама,
Жеңемін деп біреуді
Өтірік сөзбен қостама [5, 28 б.].

Асан қайғы азаматтық міндеттің жүгіне, күнделікті нақты түріне көңіл бөледі. Кісілік қасиеттер – адамгершілік пен бірліктің құт-берекесі. Асан қайғының ұғымында, жұртты бай, кедей деп немесе үлкен-кіші деп жіктеу, бөлу жарамсыз. Ел-жұрт үшін бәрінің де мінез-құлқының жақсы болуы қажетті, өзара оңды қарым-қатынас жасауы орынды. Оның пайымдағаны:

«Таза мінсіз асыл тас,
Су түбінде жатады,
Таза мінсіз асыл сөз,
Ой түбінде жатады» [5,25 б.].

Асан қайғы сөздің нарқы мен парқын біліп, қадірін түсінген шешен. Ол кімнен болса да қасиеттің рухын күтті. Өмір сүрудің негізгі мәні туралы айта келіп, Асанқайғы жақсылардан үлгі алып, жамандардан бойды аулақ салудың қажеттілігін, жас ұрпақтың ата-анасын, үлкендерді сыйлап қастерлеуін, олардың ақылын тыңдап үнемі басшылыққа алуын, ізгі ниетті жайсаң жан болып өсу қажеттігін еске салады. Осыған орай жыраудың: «Арғымаққа міндім деп, артқы топтан адаспа, артық үшін айтысып, достарыңмен сынаспа» немесе «Қарындасыңды жамандап, өзіңе туған табылмас» деген сөздерінің тәлім-тәрбиелік мәні зор. Оның толғауларында адамға деген мейірімділік, қайырымдылық, сүйіспеншілік қай жағынан болса да, бірін-бірі толықтырып жатады, туған-туыстармен тіл тигізіп қырқыспайтын, бет жыртысып көңіл қалдырмайтын татулық сезімі айқын білінеді.

Мінезі жаман адамға,
Енді қайтіп жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен,
Жалған айтып суыспа,

– деген өсиетті ұстайды. Жырау бірде: «Ғылымым жұрттан асты деп, кеңессіз сөз бастама» дейді. Сөз астарында өзім болдымдыққа салынып тоқмейілсіме, жеңіл мінезділікке ерме деген уағыз сарыны аңғарылады.

«Есеніңде, тіріңде, бір болыңыз бәріңіз» деп халықты бірлікке шақырады. Онсыз «Қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар» деп ертеңгі күнге бұлыңғырлық төніп қалар деген болжамын еске салады. Адамдық ұстаным — борышты міндеттердің жауапты саласы. Оны бұзушылық — ойшыл үшін жат құбылыс. Жырау әдептілік сұранысын былай түйіндейді:

Есті көрсең кем деме,
Бәрі түйғын табылмас;

Болатын адам, өсетін ел тәуір көретінмен жалған айтып суыспайды, болмайтын нәрсеге кіжінесіп, желке құрыстырып ұрыспайды. Әдептіліктің әр қыры мен сыры — бақыт көрінісіне лайық. Дегенмен бақыт — адамға деген ерекше сыйласу мен махаббат сезімнің үйлесімі мен иірімі. Бақытты жандар ғана өзара түсінісе де, жақындаса да, біріге де алады. Бақытқа кедергі - ағайын мен ел арасындары бітімсіздік, ондағы мүдде алшақтығы, қасиет кенжелігі, сөйлесу қағидасының бұзылуы. Сөйлесуде өзара түсінік жетіспесе, онда үйлесімділіктің, ынтымақтың болмауы.

Бұл заманда не ғаріп?
Ақ қалалы боз ғаріп,
Жақсыларға айтпаған
Асыл, шығын сөз ғаріп... [5, 27 б.]

Адамның ішкі дерті азғындаған уақытта, замандағы ғаріптің түрі де, зардабы да көбеймек. Ғаріптік — заман ағысы адамзат тіршілігіне ыңғайсыз жағдайда дерт болып асқындамақ. Бірақ ақын заманды құрастырушы мен билеушілердің мінез-құлқын, іс-әрекетін сынап-мінеді. Адамын тану арқылы ақын заманды тануға, заманның ағымын пайымдауға талпынды. Мұраты биік адам мен ұрпақ қана заманды өз талаптарына сай дұрыстауға ықылас-ынта білдіреді.

Жорықтың алдыңғы шебінде, айтыс-тартыстың басы-қасында, елдің бел ортасында жүрген Шалкиіз елдік пен ерлік, жақсылық пен жамандық, шеберлік пен шикілік мәселелеріне баса көңіл аударған, кісілік қасиеттерге қайта-қайта оралған. Шалкиіздің өзі көп оқыған, көп нәрсені тоқыған сынды да, сындарлы қайраткерлік деңгейге жеткен. Жорықта, соғыста, айтыс жанжалда ел мен ердің құны қатар сынға түсті. Ел ерлерсіз, ер өз елінсіз бабына келмеді. Қысылтаяң кезде тума туыстан сүйеніш іздеді, жұрттан суырылып шығар дарадан тірегін көздеді. Ерлер кімдер еді, нендей қасиетімен үлгі еді? Ерлердің «алдаспаннан игі қолы», «жеңсізден игі тоны», «арғымақтан игі малы болар ма» — дейді Шалкиіз жырау. Шалкиіз дүрліккен, деміккен елге бас-көз болатын ханның бейнесін іздестіреді. Байсалды, батыл, ұстамды хан, сұлтан ол үшін алдаспан. Пиғылы теріс хан іс етсе, ол «жиған малыңды тәрік етер, ат-тоныңды бұлды етер, өз басыңды олжа етер». Хан Темірдің осындай қиқарлығын көрген Шалкиіз одан алшақтайды. Шалкиіз жырау жау жағадан алғанда, ел бірлігінен артық қорған жоқтығын былай ескертті:

Жоғары қарап оқ атпа,
Жуық түсер қасыңа.
Жаманға сырынды қосып сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда

Сол жаман айғақ болар басына [5, 44 б.]

Жемсаудан арылып, дұспан жауға қарсы бірлесу, сөйтіп сәттілікке үлес қосу — қажетті үндер және керекті күндер еді. Сондай сындарлы кезеңде, тар жерде кімнің кім екені біліне бастады.

Жақсының жақсылығы сол болар,
Жаманменен бас қосып,
Сөйлемекке ар етер;
Жаманның жамандығы сол болар.
Сөйлесе дәйім бетін кара етер;
Бір жақсыға басың қосып сөз айтсаң,
Сол жақсы жаманлығың жақсылыққа жыр етер.

Жақсының тілегі бір, Тәңірімен ниеттестер дегенді айтады. Өзіне тегеурінді жандарды іздеген жерден табады, жат жерде өзін танытады. Жаманның жауы — тілі мен пиғылында, икемсіз қылығында. Еріккеннен қызыл тілін тыймайды, жалғандықты жамылған сусыма сөзі аузына сыймайды. Қисынсыз қылығымен көрінгенді қинайды. Іске ебі жоқ, бос сөзі көп есіктен күле кіріп, күнірене шығады. Ниеті арам, өзіне жүк тиетпейді. Жаманның жұғымсыздығынан елдің, әйелдің, сәбидің қанша көз жасы төгілді. Жыраудың тоқтамы: «Күндердің күні болғанда, сол жаман айғақ болар басына».

Жырау қазынасы ұлттық құндылық. Оның жан дүниесіне жақын ұлттық рухтың үнін жеткізетін жырау идеясы елдің тұлғалануы үшін жаратылған күш. Ол қарапайым идеядан ұлттық идеяның өзгешелігін айырып отырмақ. Адам баласының рухани қалыптасуының, әлеуметтенілуінің қозғаушы күші — бұл қажеттілік. Сол қажеттіліктерді жүзеге асыру бағытында адам өзінің тәжірибесін қалыптастырады. Сол сияқты жырау ел ішінен қоғам алдына кездейсоқ келетін адам емес, жырауды халыққа ұстаз қылатын оның рухы. Жырау заманалық білімнің иесі. Олардың идеясы ғасырлар бойы халыққа білімнің рухын, ғылымның қызметін түсіндіріп келуде. Сапалы білімге, нағыз ғалымдыққа қол жеткізу үшін адам пайымдауды үйренуі қажет. Әрбір жыраудың поэзиясы арқылы ұрпақтың ел тарихын, сол тарихи кеңістіктегі ұлттық зиялылар өкілдерінің рухани қызметінің бағытын білуі алдымен оның өзін құндылықтарға бағыттайтын нәрсе.

Қай кезде болмасын қоғам дамуын түсіну үшін оның өткеніне үңілу керек. Сондықтан бүгінгі қоғам қажеттіліктерін білу үшін еліміз егеменді мемлекет болып, әлемнің көп елдерімен тереземіз тең болған кезде қазақ халқының қоғамдық-саяси, әлеуметтік мұралары мен рухани қазыналарын терең зерттеп, халықтың бай мәдениетін, фольклорын, философиясын өз дәрежесінде көрсете білуіміз керек.

ӘДЕБИЕТ

1. Касымжанов А.Н., Касымжанова С.А. Духовное наследие казахского народа. Алма-Ата, 1991. 89 с.
2. Гегель Г.В.Ф. Философия права. М., 1990. 454 с.
3. Кант И. Собрание сочинений. М.: Чоро, 1984. Т.3. 741 с.
4. Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов. Алматы: «Аркаим», 2001. 252 с.
5. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. (Құрастырғандар М.Мағауин, М.Байділдаев). Алматы: Жазушы, 1984. 1-т. 256 б.

1. Kasymzhanov A.N., Kasymzhanova S.A. Duhovnoe nasledie kazahskogo naroda. Alma-Ata, 1991. 89. (in Russ.).
2. Gegel' G.V.F. Filosofija prava. M., 1990. 454. (in Russ.).
3. Kant I. Sobranie sochinenii. M.: Choro, 1984. T.3. 741. (in Russ.).
4. Orynbekov M.S. Duhovnye osnovy konsolidacii kazahov. Almaty: «Arkaim», 2001. 252. (in Russ.).
5. Bes gasyr zhyrlajdy: XV gasyrdan XX gasyrdyn bas kezine dejingi kazah akyn-zhyraularynyn shygarmalary. Ysh tomdyk. (Kyrastyrghan. M.Magauin, M.Bajdildaev). Almaty: Zhazushy, 1984. T.I. 256 b. (in Kaz.).

Резюме

Ошакбаева Ж.Б. Философские и этно-культурные основы феномена духовности в традиции жырау

В статье рассматриваются мировоззренческие основы этико-философских воззрений казахских жырау, являющиеся духовно-нравственными принципами и универсальными ценностями традиционной культуры казахского народа. Автором раскрывается этико-эстетическое содержание смысло-жизненных поисков казахских жырау.

Summary

Oshakbayeva Zh.B. Philosophical and ethno-cultural bases of phenomena spirituality in traditional zhyrau

The author copesides, that the ideological and ideological basis of ethical and philosophical views of the Kazakh zhyrau are spiritual and moral foundations of universal values and traditional culture of Kazakh people. It is analyzed in the article the ethical and aesthetic content vitally meaningful exploration of the Kazakh zhyrau.

А.Д. МЕЙИРМАНОВ

ЕЛДІК ЖӘНЕ РУХАНИ ТҰТАСТЫҚТЫҢ СИМВОЛЫ – ТАЙҚАЗАН

Уақыт пен кеңістіктің алшақтығын жеңіп, өзінің үзілмес рухани сабақтастығын паш етіп отырған, өз бастауын Ясауи ілімінен алатын қазақ топырағындағы сопылық дәстүрдің елдестіруші, тұтастырушы қызметін халқымыздың рухани мәдениетінің қай кезеңінен болсын анық көреміз. “Қазір өтпелі кезеңде қазақ үшін жаңа сынақ күні туды. Өрелі, өркениетті ел болу үшін ынтымақ, бірлік, адамгершілік қадіріміз бен қасиетімізді, ата-бабаларымыздан мұра етіп жаңғыртып, бүгінгі күннің керегіне жарататын кез келген сияқты” [1,125б.]. Әрбір бодан елдің тағдыр-талайына ұқсас біздің халқымыз да өзінің рухани бастауларынан бағдарлы саясат нәтижесінде алыстатылды, көп жылғы бодандық құрсауында мемлекеттік тәуелсіздігінен бір айрылса, рухани егемендігінен де айрылуға жақындады. Рухани бастауларынан, тілінен, салт-дәстүрінен мүлдем ажырап қалмай тұрып, қол жеткен тәуелсіздіктің шарапатымен сан ғасырлық құндылықтарын бағамдап, өткен мен болашақтың жанды байланысын бекемдеу халқымыздың алға зор үмітпен, нық сеніммен қадам басуының кепілі. «Тарих – таным, тағылым, тәрбие, бабалар тәжірибесі, туған топырағыңды танудың кілті, Отаныңа деген сүйіспеншіліктің ақ бастауы Түркістан – төл тарихымыздың үлкен де күрделі арнасы. Түркістан төңірегінде ел аузында жүрген мәнді аңыз, әпсана мен әңгіме көп, көненің көзі, асылдың сынығы – құнды жәдігерліктер мол. Біз осының бәрін екшеп қажетімізге жаратуымыз керек, бабалар тәжірибесін игеруіміз керек» – деген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзі елдіктің, ерліктің, адамгершіліктің туын жықпаған халқымыздың рухани, мәдени мұраларындағы ғибратты өнегенің халық игіліне жаратылуының маңызына нақты нұсқап тұр. Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі Көреген Әмір Темір заманынан қалған құнды жәдігерлердің бірегейі қазандық бөлмесінде тұрған қасиетті Тайқазан. Бұл қазан 1399 жылы 25 маусымда (хижра 801 жыл, 20-шаууал), Түркістан қаласының батысында, 27 шақырым жерде орналасқан Қарнак елді мекенінде, сирек кездесетін жеті түрлі асыл металдың (мыс, мырыш, алтын, күміс, қола, қорғасын, темір) қоспасынан құйылған. Қазанның салмағы – 2 тонна, сыйымдылығы – 3 мың литр, биіктігі – 1,60 м, диаметрі – 2,42 м. Тұғырының биіктігі – 0,54 м, диаметрі – 0,607 м. Тайқазанның сыртқы бөлігінің өрнектелуі бес бөліктен тұрады. Бірінші жоғарғы бөлігінде қазанды айнала сулус қолтаңбасымен Құран Кәрім аятынан үзінді жазылып, ол пайғамбар хадисімен жалғасады, одан соң қазанның кімге арнап жасалғаны, аяқталған жылы берілген. Екінші қатар ірі он кубба және он өрнекті тұтқа арқылы жиырма картушқа бөлінген. Оның қатар орналасқан екі бөлігіне сулус қолтаңбасымен шебердің өз аты-жөні жазылған болса, қалған он сегіз бөлігінде қуфи жазу үлгісімен парсы тілінде берекет тілеу сөзі берілген. Үшінші қатарда Құдайдың Құдыреті жайлы ескерту қуфи жазу үлгісімен 22 рет қайталанып жазылған. Төртінші қатардағы қазанның бүйір бөлігінде тұтқа өрнектеріне ұқсас үлкен жапырақ түріндегі он ою бедерленіп, жиырма кіші кубба орналасқан. Аяқ тұғырымен шектесетін бесінші бөлігінде қиылысқан доға сипатындағы өрнектер бедерленген. (2,125 б.) Жалпы формасы жүрек пішініне ұқсас және қазақтың дәстүрлі қошқар мүйіз оюларының нәзік үйлесімді иірімдерінен тұратын қазандағы өрнектер Ахмет Ясауидің хәл, яғни жүрек ілімінің мағынасына меңзейтіндей. Осы жүрек пішіні мен қошқар мүйіз оюларының сан алуан композициясын кесенедегі лауха, қазанның тұтқасы, шырағандар, есік алқасы т.б. көптеген заттардан көріп, оларға тән ортақ ұлттық нақыштағы біртұтас идеялық бірлікті аңғарамыз. Жүректің рәміздік мән-мағынасын ашу, Ясауи ілімінің, жалпы сопылық ілімнің, исламның рухани мазмұнының кілтін табу екенін осыдан көреміз. Аталмыш қазан кесененің архитектуралық сипатымен және қабірханадағы қабіртастың өлшемдерімен өзара үйлесімде ортақ геометриялық шешімге сай жасалған. Ақжан Машанның тұжырымынша, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жеті қат көкті, 12 мүшел мен жыл есебін бейнелейтін космос моделі сынды құрылыс. Ал оның шағын үлгісі іспеттес Тайқазан астрономиялық мәні бар қызмет атқарған. Зерттеушілер арасында Тайқазан атауындағы «Тай» сөзінің шығу төркіні түркі, моңғол халықтарында жылқы малының киелі саналып, құрбандық шалу рәсімінде пайдалануына байланысты туындаған деген пікір бар. [3,114-115б.] Алып қазан құю ісі арнайы жобасы жасалып жүзеге асырылған. Қазанды дайындауда сол заманға тән өзіндік ерекшелігі бар озық технологиялар қолданылғаны сөзсіз. Қазанның бөліктері қалыптарда жеке-жеке құйылып, соңынан құрастырылған. Сондай-ақ ол ұсталардың зор шеберлігі мен үлкен қажыр-қайратын, көп жұмыс күшін және олардың бір мақсатқа жұмылған рухани тұтастығын қажет қылған жұмыс. Тайқазанның бүкіл құрылымы, формасы, нақышты өрнектелуі, эпиграфикалық жазулармен жабдықталуы аса шеберлікті қажет етеді. Сонымен қатар осыншалықты терең мән-мазмұнның туындыда композициялық үйлесім, көркемдік шешім табуы – шебердің сопылықтың рухани ілімін иеленген кемел тұлға болғандығынан хабар береді.

Оны жасау шеберлердің рухани ұстаз-пiрдiң жетекшiлiгiмен ортақ мақсатта топтасып, рухани бауырластықтың iшкi тәртiбiне қалтқысыз бағынуы нәтижесiнде ғана iске асуы мүмкiн. Кәсiптiк негiздегi тариқат бiрлестiгiнiң мүшелерi өзiнiң кәсiбiн, мәселен ұсталықты, пiр-ұстаздың жетекшiлiгiмен шебер меңгерген [4,70 б]. Ал олардың ұстаздары осы аймақта рухани ықпалы зор Ясауи тариқатының шейхтары болған. Ұста Әбдiл Өзiздiң өзi де Ясауидiң хәл iлiмiнен нәр алып, жергiлiктi мұсылмандық дәстүр аясында ұсталық құрғанын Тайқазанның символдық мәнінен, көркемдiк ерекшелiктерiнен, құрылымынан аңғаруға болады. Кәсiптiк негiзде топтасқан тариқат мүшелерiнiң әртүрлi шеберханалар айналасында топтасқаны, осы тариқат мүшелерiнiң кәсiби бiлiмi мен бiлiктiлiгiн рухани тәрбиемен ұштастыра қабылдайтын дәстүрi белгiлi. Ортағасырлық шеберханалардың рисала жарғыларында ұста мен шәкiрттiң орны, олардың өзара және қоғаммен, тұтынушымен қарым-қатынасы жан-жақты сипатталған. Ұста шәкiртiн шеберлiкке баулумен қатар, дiни бiлiм берiп, кәсiптi киелi деп танытып, адалдыққа, қайырымдылыққа, адамгершiлiкке тәрбиелеген. Шеберханалардың ережелерiнде рухани iлiмнiң негiзi ретiнде ислам шарияты, тариқат қағидалары, дiни сопылық практиканы үйренiп, орындау бекiтiлген [5, 223-224 б.]. Кәсiби шеберлiк пен рухани практиканың ұштасуы адамның жан-жақты дамуына игi ықпалы тиген. Сонымен қатар рухани кемелдену мен шеберлiктiң шыңына жету жолындағы iзденiстердiң бiр-бiрiне өзара ұқсастығы символдық тұрғыда оларды өзара астастыра түсiнуге негiз болады. Рухани дәрежеге жету жолындағы әдiс-тәсiлдердi қолданғанда да, талапкердiң хәлiн, мақамдарын түсiндiруде де руханилықта айтып жеткiзiлуi қиын нәрселердi кәсiби атаулар арқылы бейнелеумен ұғындыруға болған. Рәмiздiң осы жерде де маңызды орны көрiнедi. Мәселен, әрбiр шеберхананың өзiндiк кәсiби құпиялары болған. Себебi шеберлiктiң құпиясын кездойсоқ бiлген, бiрақ ол шеберхананың рухани тәрбиесiн қабылдамаған, рухани жетiлмеген адам, бiлiмiн терiс ниетпен, зиянды iске пайдалануы мүмкiн. Сол кәсiби iлiм сияқты таза руханияттың да ашылған сырларын иеленген iлiм иесi оны паш ете беруден сақтанған. Әрбiр iлiмнiң жауапкершiлiгiн, салмағын, рухани жағдайы лайық емес адамға ауырлығын түсiнген. Қ.А. Ясауи бабамыздың «әр сыр көрдiм перделеп, бүркеп жаптым» деуiнiң бiр мәнiсi осында. Ал осы сырды бүркейтiн перде қызметiн, символдық тiл атқарған. Рухани хәлдi түсiндiрудiң қиындығын символдық тiл арқылы шешкен, сонымен қатар, сырлы iлiмдi бүркемелеп тек лайықты адам қолы жететiн қымбат қазынаға айналдыру қызметiн де рәмiздер атқарған. Ол перденiң де қат-қабат дәрежелерi бар. Рәмiздiң сырына бойлаудың да мағыналық, мәндiк т.б деңгейлерi бар. Бiр ауыз рәмiздiк сөзден сопының рухани хәл-жағдайын жай ұғымдық деңгейде түсiну бар. Бұл рәмiздiң мағынасын түсiну дәрежесi. Одан да жоғары дәрежеге тек сол хәл-жағдайға сол бiр ауыз сөздiң әсерiмен ене алатын, мәнiне бойлайтын, соған сай рухани тазалық деңгейi бар сопылық жолды қалаған жолаушы ғана лайықты. Бұл рәмiздiң мәнiне жету. Сондықтан рәмiздiң мағынасын түсiндiк дегенiмiзбен, әрқашан мәнiнен тыс қалатынымыз хақ.

М.Е. Массонның зерттеуiнше, қазанның төңiрегiнде жылқы құйрығы тағылған он ту тұрғаны белгiлi. Олардың кейбiрiнiң жарты ай бейнесi мен жазулары бар ұштары да болған [6,15 б.]. Қазақстан мен Қырғызстанның аумағында жүргiзiлген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған қазандарды ғалымдар екi түрге бөледi. Бiрiншiсi – «сақтық» немесе конусты тұғыры бар қазандар, екiншiсi – тұғырсыз қазандар. Кесенедегi Тайқазан «сақтық» типтегi қазанға жатады. Алып қазан жасау көне сақ, ғұн, үйсiн дәуiрлерiнен жалғасып келген дәстүр екенiн деректер мен айғақтар растайды. Елдiк санасы биiк, отбасылық құндылықтарды жоғары ұстанған осынау социумдар үшiн қазан – мемлекетшiлдiктiң, береке мен бiрлiктiң, молшылықтың, елдiктiң нышаны болған [7, 208б.]. Мұндай алып қазандар, заманында билеушiлердiң, лауазымды әскер басылардың қабiрiне қойылған. Қазан қою дәстүрiнiң XII–XIII ғасырларда көшпендi қыпшақ тайпаларының ру, тайпа басшыларының жерлеу орындарында ең қажеттi белгiлерiнiң бiрi болғанын археологиялық зерттеулер дәлелдеп отыр [8, 192-201б.]. Бұл қабiр иесiнiң ауқатты, жоғарғы топтан болғанынан хабар бередi дейдi ғалымдар. Ал, Геродоттан жеткен аңызда «сақтардың Ариант есiмдi патшасы жауынгерлерiнiң әрқайсына жебелерiнiң бiр-бiр ұшынан алып келулерiн бұйырады. Сосын оларды балқытып, алып қазан құйдырады». Мұны жасауға сансыз жауынгер атсалысып, алып келген жебесiнiң ұшы қазанның бөлiнбес бөлшегiне айналғандай, өзi де тайпаның ажырамас мүшесiне айналып, қауымының бiрлiгiнiң, берiктiгiнiң кепiлi болып отыр. А.К. Ақышев «әрбiр садақ ұшынан құрылған қазанның салмағын халық санының символына, ал формасы мен орналасқан жерiн әлем орталығы символына балайды» [9, 105 б.]. Көшпендi жауынгерлерiнiң жорық кезiнде алып жүретiн үлкен қазандары болғаны белгiлi. Бiрақ мына қазанның жасалуы да, қызметi де ерекше. Қазан сыртындағы жазулардың бiрiншi қатарында жазылған Құранның Тәубе сүресiнiң он тоғызыншы аятының үзiндiсiнен және Пайғамбар (с.ғ.с) хадисiнен оның суға арналғандығын аңғаруға болады. Аяттың қазақша мағынасы: *Аса Мәртебелi, Құт-берекенiң иесi Алла айтты: «Сендер хажшыларға су беру, Месжiд Харамды жөндеудi*

[Аллаға, ахирет күніне иман келтіріп және Алла жолында күрескен кісі сияқты] көресіңдер ме?» аят. (9:19-аят.) – десе, хадисте былай делінген: *Пайғамбар, ол кісіге сәлем болсын, айтты: «Кімде-кім Алла Тағала үшін су құятын ыдыс жасаса, Алла Тағала жұмақта оған арнап хауыз дайындайды»* [2,127 б.]. (Бұл жердегі әңгіменің астары халыққа, адамдарға қызмет қылуды, елдің әжетіне жарауды мензеп, Құдайға құл болудың мәнісі – адамдардың бірін бірі алаламай, дініне, ұлтына қарамастан қайырымдылық, қамқорлық жасауында екендігін аңғартады. Мұнда сондай игі әрекеттер арқылы ғана адам балалары Жаратушының ризалығын тауып, мінсіз қоғам құра алады деген идея жатыр. Қазан сыртындағы арабтың гүл өрнекті сулс және куфи үлгілерімен жазылған үш белдеудегі жазудың бірінші қатарының соңында оның шайхылардың сұлтаны Ахмет Ясауи кесенесіне арналып жасалғаны туралы айтылады: Аудармасы: *Бұл су құятын ыдысты ислам Шайхысы, әлемдегі шайхтардың Сұлтаны, Шайх Ахмет Ясауидің (Алла ол кісінің әзиз рухын киелі қылсын!) мазары үшін жасауға ұлық әмірші, көп елдің тізгінін қолына ұстаған, Рахымды Патшаның [Құдайдың] айрықша қамқорлығын иеленуімен ерекшеленген Әмір Темір Көреген бұйрық берді. Алла Тағала оның билігін мәңгілік етсін! Жиырмасыншы шаууал, сегіз жүз бірінші жыл /25 маусым, 1399 жыл. Екінші қатар жиырма картушқа бөлініп, оның екеуінде шебер: «Құдайдың қамқорлығына үміт артқан Әбділ Әзиз Шарафутдин Тебризи» деп өз есімін жазып қалдырған. Қалған жерлерінде: «Мубарак бад» – «Құтты болсын!» деген тілек сөз жазылған [2,128 б.]. Мұның мағынасы құт, береке тілеу немесе береке дарыған орын. Қайнап тұрған қазан сол елдегі тоқшылықтың тыныштықтың нышаны деген түсінік ел арасында күні бүгінге дейін сақталған. Үшінші қатарда «куфи» жазу үлгісімен жиырма екі рет қайталанып: – «Байқандар, Бүкіл жаратылыстың иесі Алла!» деген сөз берілген [2,129 б.]. Мұны Абайдың тілімен айтар болсақ: «Адам ғапыл дүниені дер менікі. Менікі деп жүргеннің бәрі Оныкі! Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде, Сонда ойла, болады не сенікі?». Адамның иелігіндегі мал-мүліктің бәрі Құдайдікі екендігінің дәлелі – адамның дүниеге құр алақан келіп, дәл солай қайтуы. Осыған орай Шәкәрім қажының: «Шаранамен туып едің, Бөз оранып өтесің. Бір сағымды қуып едің, Қай уақытта жетесің? Қанша дәулет жиып едің, Бәрі қалды, нетесің. Мал үшін жан қиып едің, Қайтіп алып кетесің?» [10, 283б.]– деген сырлы сөздері бар. Адам баласы тіршілігінде тұтынатын, қажетіне жарататын игіліктердің бәрі Жаратушының белгілі бір уақыт ішінде пайдалануға берген аманаттары. Демек денсаулық, мал-мүлік, отбасы, Отан, бақ-дәулет басқа да бүкіл игіліктерге жасалған қиянат Құдайдың аманаттарына қиянат болып табылады. Ғажабы, бір-ақ ауыз сөздің астарында адамның қоғаммен қатынасы қалай болу керектігі бекітілген. Қазақстан мен Орта Азиядай кең аумақта діннің сопылық дәстүр арқылы таралып, жергілікті дәстүрлі исламның қалыптасқаны белгілі. Ата-бабаларымыз сан ғасыр бойы тұтынып, мақал-мәтел, салт-дәстүр, әдет-ғұрып түрінде ұрпағының қанына, жанына сіңіріп кеткен сол ілім қазірдің өзінде қазақты төрткүл дүниеге қонақжай, тыныштық сүйгіш, кеңпейіл халық етіп танытып отыр. Исламның жергілікті мәдениетпен сіңісіп, олардың салт-дәстүрлерін рухани мәнмен байыта түсуі көшпенділердің әдет-ғұрыптарының трансформациялануына әкелді. Бұл ретте қазандар да өзінің сақ дәуірінен келе жатқан символикалық мәнін сақтай отырып, мұсылмандықпен астасқан діни ғұрыптық рәсімдерде, мемлекеттік, қоғамдық шараларда нақты мақсатқа пайдаланылатын болды. Атақты шығыстанушы М. Массонның еңбектерінде жұма күндері Түркістандағы Тайқазан суға толтырылып, жұма намазынан кейін адамдар кесенеді алқа құрып отырып «жария зікір», Закария пайғамбардан бастау алып, Ясауи дәстүрінде көп айтылатын «ара зікірі» ғибадатын орындайтыны айтылады. Ғибадат біткен соң «нұрланған» қасиетті, шипалы су адамдарға таратылатын болған [6, 196.]. 1935 жылы Тайқазан Санкт-Петербургтегі Эрмитажға, «Иран өнері мен археологиясы бойынша III халықаралық конгресіне» алынады. Жарты ғасырдан астам уақыт сонда тұрып, 1989 жылы, қыркүйектің 18-де ғана тарихи отанына қайтарылады. Тарихи деректерде Әмір Темірдің шеберлерді жаулап алған жерлерден алып келгені айтылады. Үлкен аумақтар мен көптеген елдер мен ұлттардың Әмір Темір қоластында топтасып, еңбектенуі бірқатар мектептердің металл өндеудегі шеберліктері мен тәжірибелерінің алмасуына ықпал еткен [11, 525 б.]. Ең ғажабы шеберлердің ортақ іске жұмылуына Ясауидің сопылық ілімінің елеулі ықпалы айқын. Себебі олардың жасаған туындылары жергілікті құндылықтарға рәміздік белгілерге, архетиптерге негізделген. Рухани ілімнің құдіреті сонда – ол сан ғасырлық рухани құндылықтарды жаңғыртып мәнге толтырып, адамдарды да ортақ мақсатқа жұмылдырды. Әралуан мәдениеттің өкілдері бола тұра шеберлер өз кәсіби шеберліктерін рухани іліммен байыта қолдану арқылы жалпыадамзатқа ортақ рухани мәні бар туындылар жасай білуі руханияттың әмбебаптығының нақты мысалы. «Мәдениет – құндылықтар мен мән-мағыналар әлемі, себебі символизация үрдісі – адамзат мәдениетінің табиғи байланысы оның дамуы мен ұғымын ашатын көкжиегі» [12,138б.] деген А.Я.Гуревич «Мәдениеттің универсалды категориялары өзінің туындауында барлық құбылысты қамтиды. Бұлар сонымен қатар адам санасын анықтайтын категориялар. Кеңістік, уақыт, өзгеріс*

пен себептілік, тағдыр, сана сезімнің жоғары сезімге қатынасы, жеке мен жалпыға қатысы секілді шындықтың ұғымы мен формасын қабылдауы туралы айтып отырмыз», – дейді [12, 156.]. Мұнда автор категорияларды мәдениеттің маңызды семантикалық «инвентарь» бөлігін құрушы деп біледі.

Үрдістердің мәнін ашудың «кілті», заттың субстанциялық негізі болатын танымдық категория. Рәмізді мәдениеттің семиотикасы тұрғысында сараптаған Ю.М.Лотман: «Мәдениет тарихының барлық материалдары әлеуметтік кодтар жүйесі мен ауқымды ақпараттар тұрғысынан талдануы мүмкін, яғни бұл ақпараттарды белгілерде бейнелеп, ұжымға жеткізуге мүмкіндік береді» [13, 316.], – дейді. Олай болса, Ю.М.Лотманның пікірінше, «рәміз әлеуметтік кодтың маңызды факторы», «рәміз мәдениеттің жадысы» бола отырып, әлеуметтік-мәдени мұраларды жинақтаушы, сақтаушы және жеткізуші болып табылады. Ясауи кесенесіне арнайы жасалып, сан ғасырлық рухани сабақтастықтың кепілі, құнды жәдігер Тайказан – терең дәстүрден тамыр алып, исламдық мәнмен астасқан рухани төл мұрамыз. Бұл күнде Тайказан – рухани астана – киелі Түркістан қаласында, әулиелердің Сұлтаны Құл Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі өзінің құтты орнында, қазақ халқының, Қазақстан атты үлкен шаңырақтың, қала берді күллі түркі жұртының берекесінің, тыныштығы мен бірлігінің нышаны қызметін атқарып тұр.

ӘДЕБИЕТ

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
2. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Құрастырушылар: Ә.Қ. Муминов, Б. Қорғанбек, С. Моллақанағатұлы т.б. Алматы, - 2009. 200б. Ясауи Қ.А.
3. Мұстапаева Д. Асыл мұра – қасиетті тайказан. Алматы: Арыс, 2008.-200б.
4. Бретаницкий Л.С., Веймари Б. Искусство Азербайджана IV–XVIII веков.М.: Искусство, 1976.-232 с.
5. Гаврилов М. О ремесленных цехах Средней Азии и их статутах-рисоля// Известие Средне-Азиатского комитета по делам музеев и охран памятников старины, искусство и природы. Ташкент, 1928. – С. 225.
6. Массон М.Е. Мовзолей Ходжа Ахмеда Ясеви.-Ташкент,1930.-25с.
7. Шәлекенов У.Х. V–XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. – Алматы: Жібек жолы, 2006. 248б.
8. Швецов М. Л. Котлы из погребений средневековых кочевников// Советская археология. 1980. –№ 2. С.201.
9. Акишев А.К. Искусство и мифология саков. –Алма-Ата: Наука, 1984.-118 с.
10. Шәкәрім. Иманым. –Алматы: Арыс, 2000.-321б.
11. Тимуридский Ренессанс// Тамерлан. Эпоха. Личность. Деяние. / сост. Р. Рахмалиева. – М., 1992. С.525-531.
12. Гуревич А.Я. Категории средневековой культуры.-М.: Искусство, 1972.-363с.
13. Лотман Ю.М. К проблеме типологии культуры // Труды по знаковым системам. –Тарту: Тартуский университет, 1978. -166с.

1. Nazarbaev N.Ә. Tarih tolkynynnda. - Almaty: Atamұra, 1999. – 296 b.
2. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Құрастырушылар: Ә.Қ. Муминов, Б. Қорғанбек, С. Моллақанағатұлы, т.б. Almaty -2009. 200b. Ясауи Қ.А.

3. Мұстапаева Д. Асыл мұра – қасиетті тайказан. Алматы: «Арыс», 2008.-200бет.
4. Bretanickij L.S., Vejmarj B. Iskusstvo Azerbajdzhana IV-XVIII vekov.M Iskusstvo, 1976.-232 s.
5. Gavrilov M. O remeslennyh cegah Srednej Azii i ih statutah-risolja// Izvestie Sredne-Aziatskogo komiteta po delam muzeev i ohran pamjatnikov stariny, iskusstvo i prirody. Tashkent, 1928. – S 225)
6. Masson M.E. Movzolej Hodzha Ahmeda Jasevi.-Tashkent,1930.-25s.
7. Shәlekenov U.H. V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. – Алматы: Жібек жолы, 2006. 248б.
8. Shvecov M. L. Kotly iz pogrebenij srednevekovyh kochevnikov// Sovetskaja arheologija, 1980. –N 2. S.201.
9. Akishev A.K. Iskusstvo i mifologija sakov. –Alma-ata: Nauka, 1984.-118 s
10. Shәkәrim. Imanym. –Almaty: 2000.-321bet.
11. Timuridskij Renessans// Tamerlan. Jepoha. Lichnost'. Dejanie. / sost. R. Rahmalieva. – Moskva 1992 S.525-531.
12. Gurevich A.Ja. Kategorii srednevekovoj kul'tury.-M.: Iskusstvo, 1972.-363s.
13. Lotman Ju.M. K probleme tipologii kul'tury // Trudy po znakovym sistemam. –Tartu: Tartuskij universitet, 1978. -166s.

Резюме

Мейрманов А.Д. Тайказан как символ национального и духовного единства.

В статье анализируется философский смысл историко-культурного памятника XIV века Тайказан в мавзолее Х.А. Ясави, являющегося символом и гарантом духовного единства казахского народа. Надписи и символическое значение данного памятника автор рассматривает с позиций герменевтического подхода.

Summary

Meirmanov A.D. XIV Taikazan as a symbol of national and spiritual unity.

In the article author analyzes philosophical meaning of historical memorial of XIV century Taikazan at Jassau mausoleum, which is the symbol and guarantor of Kazakh nation spiritual unity. Author examine inscription and symbolical meaning of this memorial from the hermeneutic position.

К.М. ҚОҢЫРБАЕВА

КЕҢЕСТІК ИДЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТЫ

Мақаланың мақсаты – кеңестік кезеңдегі қазақ халқы руханиятының, мәдениетінің өзгеріске ұшырауының себептерін, салдарларын көрсету. Зерттеу тарихилық пен логикалықтың бірлігі, нақты тарихилық принциптеріне негізделген. Мәселені талдау нәтижесінде қазақ руханилығының дамуының Кеңес дәуіріндегі ерекшеліктері анықталды. Алынған нәтижелер қазақ философиясының тарихы, мәдениеттану пәндерінен дәріс оқуда пайдалануға тұрарлық.

Кеңестік кезеңдегі қазақ халқының руханилығы екі әлем: дәстүрлі қазақ руханилығы мен жаңашыл батыс әлемінің бетпе-бет келуімен сипатталады. Сенімді ақыл ығыстырып, ғылым дінді жеңіп, өмірсалт пен дүниетанымның негізіне айналды, бұл жерде ең бастысы философиялық дүниетанымдар мен көзқарастардың ортақ мәселесі қазақ қоғамын жетілдіру мен ұлт тәуелсіздігі болды. Реформашыл Алаш зиялылары ұлттық мүддені Батыс Еуропалық демократиялық күрес аясында жүргізгенді жөн көрді. Философиялық әдебиеттерде руханилықты атеистік сипатта қарастыруды басты нысана ретінде ұстанды. Кеңестер Одағының құрамында болған кезден бастап дәстүрлі, даналық түріндегі философиялық ой-жүйелер түгелдей дерлік коммунистік партияның ресми философиясының сыни көзқарасына сай келмегендіктен жоққа шығарылды. Кеңестік кезеңге дейінгі қазақ философиялық ойы адамдардың өмірлік басты бағдарлары ретінде өзінің қоғамдағы орнын анықтаған болатын. Оның негізгі мәселелері Адам мен Әлем, Адам мен Адам, Өзіңе Өзіңнің қатынасың жайлы ілім болып келген еді. Ойшылдардың дүниетанымы қазақтың ұлттық мәдениетіне негізделген еді. Қалыптасқан әдет-ғұрыптары, құндылықтары және тәртіп түрлері халқымыздың рухани әлемінің дамығандығының айғағы болатын.

Ұлы Далада уақыт пен кеңестік аясында әрқашан ірі көлемде қауымдасқан әлеуметтік тіршілік құрған қазақ деген халық болғаны белгілі, ондағы жеке адамдар ортақ руханият негізінде қоғамды біріктіруші күшке айналды. Жетпіс жыл бойы кеңес адамдарының санасына сіңірілген философияның негізгі өзегі Сталиннің 1938 жылы жарық көрген «О диалектическом и историческом материализме» деген жұмысында қарастырылды. А.А.Хамидов ол жұмыс жайында: «катехезис пен әскери жарғыны елестетеді», – деп сипаттайды [1]. БКП (б) Орталық Комитетінің жарлығымен Сталиннің бұл жұмысы қағидаға айналып, мемлекеттік философия дәрежесіне көтерілді, осылайша Кеңестер Одағында мемлекеттік философия пайда болды. Философиядан Табиғат пен Тарихты біріктіруші және оның өзегі мен мәселесі болып табылатын Адам ғайып болды.

Сондықтан да ұлттық философиялық ойлар өрісі тарылып, оларға ендігі жерде мемлекеттік ресми идеологиямен қатар тұруға мүмкіндік болмады. Қазақ халқының философиясы дамуының осылайша тоқырауын қазақ ойшылы М.С.Орынбеков: «Өзінің жеке философиясы болмаған елдің дербес рухани тұрмыс пен өркендеуге мүмкіндігі болмай, бөгде тектік факторларға тәуелділігі күшейе түседі» деп атап көрсеткен болатын [2].

Қазақ философиясының кеңестік кезеңдегі даму барысы социализмнің алғашқы жылдарындағы жазалау мен қудалауға ұшыраған көрнекті қайраткерлердің шығармашылығымен өрнектеледі. Олардың философиялық еңбектері Қазақстандағы халық өмірінің алуан түрлі мәселелеріне арналған қоғамдық ойларды құрады. Қазақ философиясы, рухани ой кешу үрдістері социализм жеңісінің бағыты мен социалистік сананы қалыптастыру жолына түсті. Қазақ халқы өзінің мәдени-рухани, дәстүрлі ерекшелігі мен өзіндік болмысынан ажыратылып, жаппай диалектикалық тарихи материализм үстемдік құрды.

Қазақ халқының философиялық ойы XX ғасырдың 30-жылдарында ұлы тұлғаларынан айырылуына байланысты үзіліп қалған еді. Бұл үдеріс сол кезеңнің саясаты мен биліктің жан түршігерлік қаталдығымен сипатталады. Мұндай саясат репрессияға ұшырату мен адамдарды өлтіру түрінде жүргізілді. Қазақ философиялық ойының табиғи-тарихи даму жолының нақ осы кезеңде үзілгендігі туралы О.А.Сегізбаев: «КСРО-да керісінше түсіндіріліп бұрмаланған марксизмнің, басқасын қойғанда, осы елдің құрамына табиғи-ұлттық айырмашылықтарымен кірген халықтардың философиясын жоғалтуымен сипатталады», – деп көрсетті [3, 349].

Кеңестік кезеңнің солақай саясаты халқымыздың мәдени мұраларының жойылып кетуіне себепші де болды. Большевиктер «мешіттер мен мавзолейлерді, шіркеулерді қирату керек» деген

айдармен вандализмге жол ашты. Кеңестік кезеңнің осындай сорақылықтарын отандық философ М.С.Бурабаев өз зерттеулерінде ашып көрсеткен болатын. Сол кезеңнің өзінде араб әрпімен жазылған әдеби мұраны құртудың қате екені жайында: «қазірге шейін «мұсылмандық» әдебиет деп аталып жүргендердің барлығы діншіл деп есептелді. Ол дұрыс емес, оның «мұсылмандық» деп аталуы оның мұсылман халықтарының тілінде араб әрпімен басылуында. Ол әдебиеттердің арасында социал-демократтық, марксистік басылымдар болды», – деп жазды [4, 249 б.]. Дін дінсіздікпен, атеизммен алмастырылды. Халықты діннен бездіру дөрекі түрде талап етілді. Діннің өзі рухани бастаулардың негізгі тіректерінің бірі, ал өздерін әлмисақтан мұсылманбыз дейтін қазақтарды патшалы Ресей де, кеңестік Ресей де шоқындыру мақсатын көздегенімен, дінінен бездіре алмады. Большевиктер қорқыныш пен үрей тудыра отырып, өздеріне құлақкесті бас шұлғитын құлдық сана қалыптастыруға тырысты. Ұлттық құндылықтар «отаншылдық», «ұлтшылдық», ендігі жерде «интернационализм», «тапшылдық» деген ұғымдармен жаңа-жасанды моральдық қағидаларды ұстанумен айырбасталды. Сол кездегі саяси атқа айналған «пантүркішіл», «панисламшыл», «ұлтшыл-уклонистер» деген жарлық біздің ірі тұлғаларымыз бен ұлттық зиялыларымызға тағылды.

Рухани жетілген адамның үлгісін осы кезеңнің зиялыларының бойынан, іс-әрекетінен табамыз. Ұлттық зиялы деген ұғымды түсіндіруге М.Шоқай үлесін қосты. Оның түсінігінше, ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар кіреді. Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктеледі. Дүниежүзінде зиялыларсыз ұлтқа айналған саяси, әлеуметтік халық бұқарасы бірлігі ешқашан болған емес. Сондай-ақ халық бұқарасынан қолдау көрмеген жағдайда зиялы қауым ештеңе істей алмайды [5, 175-176 бб.]. М.Шоқайдың бұл тұжырымдары Кеңестер үстемдігі орнағаннан кейінгі халық пен зиялылар арасындағы ортақ сананың қалыптаса алмауынан туындады. Зиялыларымыздың өрелі ой-тұжырымдарының негізгі алтын қазығы еркіндік идеясы болды. Отаршыл Империя құрамында ұлттық еркіндік пен тәуелсіздік жайлы ойды жүзеге асыру жолы өте ауыр жол еді, бірақ еркіндік идеясы ешқашан халқымыздың рухани өмірінен өшкен емес, ұлттық философияда ол желі үзілген жоқ еді.

В данном контексте нет оснований предполагать, что есть существенные отличия в предмете и методе осмысления казахстанских и российских реалий. Перед казахстанским обществом стоят те же задачи по конструированию казахстанской идентичности, в которой политический, гражданский национализм должен будет преобладать над его этническим компонентом. Поскольку в Казахстане процесс формирования казахстанской нации находится в стадии своего становления на уровне государственно-управленческих и идеологических структур возможно специальное конструирование этносоциальных идентичностей для разных этносов полиэтнического национального образования с целью закрепления в сознании новейших стереотипов, диспозиций и презумпций, которые бы отражали единство их судеб и интересов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Садохин А.П. Этнология. – М.: Гардарики, 2001. 254 с.

2. *Малинин Г.В., Дунаев В.Ю., Курганская В.Д., Нысанбаев А.Н.* Теория и практика межэтнического и межкультурного взаимодействия в современном Казахстане. Учебное пособие для вузов. Алматы: ИФП МОН РК, 2002. 305 с.
3. *Гумилев Л.Н.* Этногенез и биосфера Земли. М.: Айрис-пресс, 2003. 560 с.
4. *Гумилев Л.Н.* География этноса в исторический период. Л.: Наука, 1990. 279 с.
5. *Гумилев Л.Н.* Культурогенез и этногенез кочевых и оседлых цивилизаций в средние века // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. Тезисы докладов советско-французского симпозиума по археологии Центральной Азии и соседних регионов. Алма-Ата, 19 – 24 ноября 1987 г. Алма-Ата, 1987. С. 18 – 19.
6. *Бромлей Ю.В.* Очерки теории этноса. М.: Наука, 1983. 412 с.
7. *Хамидов А.* Общая логика соотношения Я и Общества // Я и Общество. Алма-Ата: Казахстан, 1989. С. 13 – 75.
8. *Сталин И.В.* Марксизм и национальный вопрос // Сталин И.В. Сочинения. М.: Госполитиздат, 1951. Т. 2. С. 290 – 367.
9. *Терешкович П.В.* Нация // Новейший философский словарь. Минск: Изд-во В.М. Скакун, 1998. 460 с.
10. *Бородай Ю.М.* Эротика – смерть – табу: трагедия человеческого сознания. М.: Гнозис, 1996. 413 с.
11. *Смит Энтони Д.* Образование наций // Этнос и политика. Хрестоматия. М.: УРАО, 2000. С. 86 – 94.
12. *Хотинец В.Ю.* О содержании и соотношении понятий этническая сам-идентификация и этническое самосознание // Социс. 1999. № 9. С. 67 – 74.
13. *Гумилев Л.Н.* Черная легенда: Друзья и недруги Великой степи. – М.: Айрис – пресс, 2003. 576 с.
14. *Национальная идея в Западной Европе в новое время: Очерки истории.* М.: ВЕЧЕ, 2005. 496 с.
15. *Эберкромби Н., Хилл С., Тернер Б.С.* Национализм // Этнос и политика. Хрестоматия. М.: УРАО, 2000. С. 104 – 105.
16. *Коротеева В.В.* Существуют ли общепризнанные истины о национализме? <http://nationalism.org/library/science/nationalism/koroteeva/p&c1997.htm>
17. В России нация едина / Трибуна Общественной палаты РФ <http://top.oprf.ru/main/4255.html>

LITERATURA

1. Sadohin A.P. *Jetnologija. M.: Gardariki, 2001, 254* (in Russ.).
2. Malinin G.V., Dunaev V.Ju., Kurganskaja V.D., Nysanbaev A.N. *Teorija i praktika mezhjetnicheskogo i mezhkul'turnogo vzaimodejstvija v sovremennom Kazahstane. Uchebnoe posobie dlja vuzov. Almaty: IFP MON RK, 2002, 305* (in Russ.).
3. Gumilev L.N. *Jetnogenez i biosfera Zemli. M.: Ajris-press, 2003, 560* (in Russ.).
4. Gumilev L.N. *Geografija jetnosa v istoricheskij period. L.: Nauka, 1990, 279* (in Russ.).
5. Gumilev L.N. *Kul'turogenez i jetnogenez kochevyh i osedlyh civilizacij v srednie veka. Vzaimodejstvie kochevyh kul'tur i drevnih civilizacij. Tezisy dokladov sovetsko-francuzskogo simpoziuma po arheologii Central'noj Azii i sosednih regionov. Alma-Ata, 19 – 24 nojabrja 1987 g. Alma-Ata, 1987, 18 – 19* (in Russ.).
6. Bromlej Ju.V. *Očerki teorii jetnosa. M.: Nauka, 1983, 412* (in Russ.).
7. Hamidov A. *Obwaja logika sootnoshenija Ja i Obwestva. Ja i Obwestvo. Alma-Ata: Kazahstan, 1989, 13 – 75* (in Russ.).
8. Stalin I.V. *Marksizm i nacional'nyj vopros. Stalin I.V. Sochinenija. M.: Gospolitizdat, 1951, T. 2. S. 290 – 367* (in Russ.).
9. Tereshkovich P.V. *Nacija. Novejšij filosofskij slovar'. Minsk: Izd-vo V.M. Skakun, 1998, 460* (in Russ.).
10. Borodaj Ju.M. *Jerotika – smert' – tabu: tragedija chelovecheskogo soznanija. M.: Gnozis, 1996, 413* (in Russ.).
11. Smit Jentoni D. *Obrazovanie nacij. Jetnos i politika. Hrestomatija. M.: URAO, 2000, 86 – 94* (in Russ.).
12. Hotinec V.Ju. *O sodержanii i sootnoshenii ponjatij jetnicheskaja sa-moidentifikacija i jetnicheskoe samosoznanie. Socis. 1999, № 9. 67 – 74* (in Russ.).
13. Gumilev L.N. *Chernaja legenda: Druz'ja i nedrugij Velikoj stepi. M.: Ajris press, 2003, 576* (in Russ.).
14. *Nacional'naja ideja v Zapadnoj Evrope v novoe vremja: Očerki istorii. M.: VEChE, 2005, 496* (in Russ.).
15. Jeberkrombi N., Hill S., Terner B.S. *Nacionalizm. Jetnos i politika. Hrestomatija. M.: URAO, 2000, 104 – 105* (in Russ.).
16. Koroteeva V.V. *Suwestvujut li obwepriznannye istiny o nacionalizme? http: nationalism.org library science nationalism koroteeva p&c1997. Htm* (in Russ.).
17. *V Rossii nacija Edina. Tribuna Obwestvennoj palaty RF http: top.oprf.ru main 4255.html* (in Russ.).

Резюме

Шайкемелев М.С. **Қазақстандық бірегейлік құрылымындағы «азамат-тық» пен «этникалық» арақатынасы**

Мақалада қазақстандық әлеуметтік-философиялық дискурс болмысының аясындағы этностық және азаматтық компоненттердің арақатынасын салыстырмалы талдау берілген. Отандық этноұлттық түзілім әлі де болса толық ұлт ретінде қалыптасудың бастапқы кезеңінде орналасқандығы көрсетіледі, бірегейліктің этномәдени қырының басым екендігі айтылады.

Summary

Shaikemelev M.S.

Correlation between “Civil” and “Ethnic” in the Structure of Kazakh Identity

It is conducted in the article comparative analysis of correlation between ethnic and civil components in the context of Kazakhstani social philosophic discourse. The author shows that native ethno-national structure now is at the first stage of its forming as a whole nation when ethno-cultural aspect of identification is overwhelming.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІТУЫНДЫЛАРЫН ТАЛДАУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫ

Бағзы замандардан бері адамзаттың рухани-мәдени өркендеуіне айтарлықтай үлес қосып келе жатқан және болашақта да үлес салмағы қомақты болып келетін ықпал феномендердің бірі – бейнелеу өнері. Ғылым мен өнердің тұтастануы мен ерекшеленуі, бірін-бірі толықтыруы, бір-бірінен туындауы олардың ажырамас бірлігімен сәйкестеніп, тарихи өркениеттің басты іргетастарын қалады. Есте жоқ ескі замандағы өнер мен ғылымның түбірлестік дәуірінен кейін, руханияттың осы екі саласы өзіндік парадигмаларын еншілейтін екі арнаға бөлінді: ғылым – логикалық, дәйектілік, дәлелдеуді қажет етушілік т.б. логоцентристік бағдарды қабылдаса, өнер-шығармашылық қуат, руханилықтың ішкі терең толғаныстарын қанағаттандыру т.б. бағыттармен өз арнасынан табылып отырды. Бұл беталыс бірнеше мыңжылдықтарды аттап өткен еді. XX ғасырдың аяғында пайда болған постмодернизм бағыты ғылымды қайтадан өнерге жақындата түсу ұстанымын қуаттайды. Осы тұста, керісінше, өнерді ғылымиландыру бағдары бойынша, оның туындыларының мазмұнын теориялық тұрғыдан түйіндеу, түсіндіру мәселелеріне орай және бүгінгі күнге дейін оны талдаудың теориялық – әдіснамалық негіздерінің жүйелі қалыптаспағандығына байланысты бұл түйткілге, өнердің ішінде, кескіндеме өнерін нысанаға алып, жалпы шолу жасап өтпекпіз. Бірақ бұл орайда, өнер туындылары ұғым мен түсініктер бойынша берілген ғылыми мәтін емес, көркемдік танымның нәтижесімен аяқталатын сезімдік және парасатты ойдың берілуі екендігін ескеруіміз қажет. Сондықтан оны ғылыми-теориялық тұрғыдан «көркемдік мәтін» ретінде талдау өзіндік қиыншылықтарымен, қайшылықтарымен ерекшеленеді. Осы орайда әлемдік өнертану теориясындағы шығармашылық туындыларды талдау үлгілері мен қалыптасқан үрдістерге шолу жасасак, оның да әртүрлі бағытта өрбігендігіне көз жеткіземіз.

Мәселен, кескіндеменің формалық қырына талдау жасауға шолу жасаған Т.В. Ильина иконография бойынша, оған стилистік, семантикалық, семиотикалық, нұсқалық (эрмитаждық, берлиндік) сараптаулар енгізілетіндігін ұсынып, анализдің синтезбен ажырамас бірлікте болатындығын атап көрсетеді де, анализдің туындыда не бейнеленгендігін, көрерменнің не көретіндігін табудан бастау алып, нәтижесінде оның қалай жасалғандығын ашып көрсетумен толықтырылатындығын тұжырымдайды. Осыған орай, сюжет, тақырып, идеяның бірлікте қарастырылу қажеттігін айғақтап, шығарманың «тілі» бойынша композиция, кеңістік, сызықты ырғақ, түс тәрізді ерекшеліктерді назарға алуды ұсынады да, бұған социологиялық талдауды кірістіреді. Сонымен қатар соңғы уақыттарда техникалық-технологиялық зерттеулердің де белең алып келе жатқандығына тоқталады. Ол суретшілер шығармаларының бірнеше нұсқаларын талдап көрсете келе, И.Г. Сапегоның тұжырымдарына сүйене отырып, осындай әдіснамалық талдаулардың бүгінгі күнге дейін күрделі мәселе ретінде қалып отырғандығын байыптайды [1,173-178]. Ал Н.Тарабукин көркем туындыларды талдауда кеңістікті орталық түсінікке шығарып, бұдан стиль мен мазмұнды туындағанды да, кеңістікті қозғалыс арқылы; тұрақты кеңістік, динамикалық кеңістік, тыныштықтағы кеңістік деп үшке бөле отырып, ал созылыққылығы бойынша: 1) белгі; 2) бір нәрсе; 3) энергия екендігін негізге алу қажеттілігін тұжырымдайды [2,174-189] А.А. Михайлова бүтіндік түсінігін басты назарда ұстап, сезімдік нақтылық, жалпылық, эмоционалдылық, тұтастық, объективтілік пен субъективтіліктің, эмоционалдылық пен рационалдылықтың бірлігі қағидаларын да негізге алу қажеттілігін атап өтеді де, органикалық бүтіндік, тұйықтық бойынша бірнеше туындыларды мысал келтіре отырып, сараптап көрсетеді [3, 222-223]. Немесе, Еуропалық туындыларға сәйкес, Босх шығармашылығын талдау мен түсіндіруді басшылыққа алған интерпретацияларда шығарманың жеке элементтерін бөліп алып, оларды мағыналық, мазмұндық, формалық көрсеткіштер бойынша сараптау қолға алынып, одан соң стиль мен техниканы анықтауға жалғасады [4, 6-31].

Осындай өнер туындыларын талдайтын жалпы үлгілерге сүйене отырып, ғылым философиясы ұсынған және өзге де ғылымдар мойынұсынған «классикалық» бағдарларды басшылыққа алып, біз кескіндеме кеңістігіндегі шығармашылық еңбектерді таразылаудың мынадай әдіснамалық-теориялық негіздерінің жүйесін формалық-мазмұндық тұрғыдан талдаумен сабақтастыруды жөн көрдік. Бұл тұрғыда, алдымен, форма, яғни, сыртқы пішін арқылы мазмұнның көріну және айқындалу үдерісі, тек құбылысын нысанаға алу керектігі болатын болса, содан соң, мазмұн – сол

форманың ішкі қызметі мен жалпы мағынасын білдіретіндігіне байланысты ішкі мәнге үнілу қажеттігі туындайтын бағдар басшылыққа алынады. Осыған орай, формалық талдауға, алдымен, стильді, жанрды, саланы ажыратып, техникалық жақтары арқылы түстер, бояулар, сандардың рәміздік көрінісін ашып көрсетуді топтастыруға болады. Мәселен, қазақстандық суретші А. Ғалымбаева өз туындыларын түсіндіріп беру барысында, түстер мен бояуларға ерекше көңіл аударады, олардың рәміздік ішкі мағынасын көрсетеді де, осы формалық көрсеткіштерді сараптаудың өзі туындыларды интерперетациялаудың белгілі бір бағыты екендігін ұсынғандай болса [5, 34-39], өнертанушы философ Б. Байжігітовтің бейнелеу өнері негізінде бояулардың ұлттық дүниетанымдағы рәміздік мағыналарын ашып көрсетуі де [6, 209-214] біз ұсынып отырған формалық талдаудың маңызды бір бөлігі екендігін білдіреді.

С.М. Даниэль композицияны өнертанудың категориясы ретінде ажырата келе, формалық талдаудың ұғымдарын саралайды: вертикаль мен горизонталь, симметрия, түстердің контрастылығы т.б. [7,12-14]. Яғни формалық талдаудың өзі эстетиканың негізгі категорияларын басшылыққа алып, қосымша категориялары негізінде жалғасын табуы тиіс: теңдік, үйлесімділік, пропорция, симметрия т.б. нақты қолданылады. Себебі эстетиканың басты қызметтерінің бірі – өнертанудың теориялық негіздемесі, яғни көркем туындыларды талдау болып табылады.

Демек кескіндеме өнерін талдаудың бірінші сатысы – формалық, екінші деңгейі – мазмұндық болатын болса, формалық талдауда баса назар аударылатын объектілер, яғни туындының жалпы сыртқы бейнесі, құбылысын таразылауды, жоғарыда көрсетілген өнертанушылардың пікірлерін негізге алып, оның жүргізілу үдерісін былайша жүйелей аламыз:

1. Стильді анықтау – туынды қандай әсермен, қай бағыттың ықпалымен,

қай әйгілі суретшінің тәсілімен жазылғандығын бағамдап алу, шығарма орта ғасырлардан бастау алып, XX ғасырдағы постмодернизм бағытындағы ағымдарға дейін жалғасқан бағыттардың бірі болуы мүмкін. Екінші бір жайт, тек қана бір стиль емес, екі не одан да көп стильдердің біріктірілу тәсілі де қолданылуы ықтимал. Үшінші мәселе, стиль тек Еуропалық үлгіні ғана емес, шығыстық, не өзіндік ешкімге ұқсамайтын ұлттық бедермен де көмкерілуі ғажап емес. Бұл саты жанр мәселесін де қамтуы тиіс. Ол тарихи, батальдік, тұрмыстық па немесе екі, не бірнеше жанр кіріктірілген болса, ол қалай жүзеге асқан, әлде аралық буынның нақышталуы нені меңзейді деген түйткілдерді анықтауға келіп саяды.

2. Тақырып бойынша –мазмұн мен форманың сәйкестігін назарға алу керек, осы сәйкестік шығарманы әрі қарай мазмұндық талдау барысында толықтырылуы тиіс. Бірақ та, алдымен, туындының тақырыбы қалай қойылғандығына назар аудару қажет, талдау барысындағы басты нысана да осы тақырып арқылы өрбиді. Кей жағдайда суретші тіпті тақырып қоймайды немесе «композиция», «натюрморт», «портрет» деп жалпы атаумен атай салады, бұл тұста жұмысты орындаушы қандай еркіндікте болса талдаушы да сондай еркіндікті иеленетінін ескерсек, шығармаға шартты түрде тақырып қойып алу мүмкіндігі туындайындығын ескергендіміз жөн.

3. Кеңістік пен уақыт назарға алынуы тиіс. Уақыт бойынша туынды қай дәуірді бейнелейтіндігі де кейінгі мазмұндық талдау нәтижелері үшін маңызды болып келеді, кейде жалпы бейне уақыт аясынан тысқары қалады, осы сәтте оны мәңгілік деп емес, «әлеуметтік уақыттан тыс» деп көрсету керек және неліктен олай болғандығын түсіндіріп өту қажет. Ал кеңістік бойынша туынды неше өлшемді басшылыққа алатындығы, тұтас бейненің вертикальді және горизонтальді кеңістіктік бөліктері қандай екендігі, шығарма бүтіндігін шартты түрде неше кеңістікке бөлуге болатындығы, кеңістіктің динамикасы қалай өрбігендігі, объектілердің орналасу үлгілерінің жетістіктері сияқты мәселелер таразыланауы тиіс. Бұл тұста эстетиканың категориялары жүйелі ұсынылуы қажетжәне олардың қалай қолданылып тұрғандығы назарда болу керек; симметрия, прапорция, координаттық қатынастар, паритет, диагональ, аумақ, көлем, фигура, орын т.б. Мәселен, объектілердің орналасу тәртібі, қалыпты жағдай мен стандартты емес күйлердің кезектесуі жұмыстың негізгі мазмұнын таразылауға жол ашады. Уақыт пен кеңістіктің сығылуы мен созылуы да шығарманың көркемделуін аша түседі.

4. Бояуларды назарға алу – реңдердің қалыптасқан классикалық және аймақтық, ұлттық рәміздеуін түсіндіруден бастап, олардың өзара үйлесімділігі, қат-қабат бояулардың сыры, шындықтың өзінің реңінен ауытқуы, бірыңғай түстер мен контрастылық, контраралық, аралық түстердің тағайындалуы т.б. Суретшінің шығармашылығынан туған түстердің эмоционалдық белгілері, оның артефакттер мен табиғатқа нәр берушілік тәсілдері сияқты ұстанымдар да назарда

болу керек. Бояулардың ассимиляциясы, кіріктірілуі мен дифференциациясы, оларды «ойнату» шығарманың мазмұнын толықтыра түседі.

5. Сандық қатынастар, объектілердің саны, олардың теңдігі мен үйлесімділігі немесе жалғыздығы т.б. мәселелерде нумерология, сандар мистификациясы мен рәміздігі де басшылыққа алынуы тиіс. Мөлшер мен шама, өлшем мен көлем сияқты категориялар бойынша талдау бағдары туындының сыртқы формалығының тылсымдығын ашуды арттырады, көркемдігін түсіндіруді жетілдіре түседі. Қалыпты жағдайдағы мөлшер мен стандартты емес сандық қатынастар нені меңзейтіндігін де түсіндіру маңызды.

6. Штрихтар, сызықтар, дақтар, иректер т.б. екпіні, әсері, эмоционалдық күйі, рационалдық тұрғыда берілуі, сенім мен сезімнің сыртқа шығарылуы жағдайы, олардың әлсіз немесе ықпалды болып табылатын күші таразылануы тиіс. Шындығында, суретшінің негізгі шығармашылық қуаты мен төлтумалылығы осы штрихтар топтамасының аясы мен олардың комбинациясынан анық байқалатындықтан, бұл формалық талдаудың аса маңызды қыры болуы тиіс.

7. Бұдан кейін жүргізілуі тиіс құрылымдық-функционалдық талдау формалық сараптау мен мазмұндық зерделеудің аралық буыны іспеттес, себебі олар өз алдына оқшау, бір-біріне қатыссыз тұрғылар емес, керісінше өзара толықтырушылық қызметтегі ішкі тұтастықты құрайды. Демек тақырып пен негізгі идеяның ішкі мағынасын ашып көрсету негізге алынуы тиіс. Сондықтан мазмұндық талдауға – құрылымдық-функционалдық, герменевтикалық, психоаналиттік, постмодернистік, феноменологиялық тәрізді ХХ ғасырда философияда пайда болып, кейіннен қоғамдық ғылымдар мен мәдени-әлеуметтік салада еркін орныға бастаған ағымдарды ұсынуымызға болады. Мәселен, жоғарыда атап өткеніміздей, бүтіндік принципі, шығарманың құрылымы, композиция сияқты мәселелер, сайып келгенде, бұлардың бәрін тұтастандыруды қажет ете отырып, қоғамдық ғылымдар мен өнерге ортақ құрылымдық-функционалдық талдауға келіп тоғысады. Мәселен, мәдениеттанушы-философ Б.Ғ. Нұржанов мәдени мұралар мен өнердің эволюциясын, құрылысын талдап түсіндіру барысында структурализм ағымының көрнекті өкілі К. Леви-Стросстың «Құрылымды антропология» еңбегіндегі идеяларды пайдаланса [8,78], С.М. Даниэль композицияға берілген түсіндірмелерді басшылыққа ала отырып, бүтін мен бөліктің көркем туындыдағы мағынасын ашып көрсетіп, И.И. Иоффе мен Бахтиннің көзқарастарындағы идеялардың құрылымдық-функционалдық бағытқа келіп түйісетіндігін және құрылым мен қызметтің қатар жүріп отыруы тиіс екендігін ұсынады [7,11].

Сонымен құрылымдық-функционалдық талдау бейнелеу өнерінің туындыларын сараптауға толықтай сәйкес келеді деп тұжырымдап, бұл әдістің жалпы ғылыми танымдағы көрінісін толығырақ аша түссек; «Құрылымдық-функционалдық талдау, функционалдық тұрғы, функционализм – жиырмасыншы ғасырдағы социогуманитарлық білімдер аясында арнайы қолданылған және неғұрлым дамыған, әрбір элементі белгілі бір қызмет атқаратын жүйелі ұйымдасқан құрылым бүтіндігін көрсетеді» [9,997], – деп анықталған түсіндірме біз ұсынып отырған талдау жүйесін нақтылай түсетіндігіне көз жеткізе аламыз.

Бейнелеу өнері туындыларын құрылымдық-функционалдық талдау үшін алдымен шығарманың тұтастығын, ондағы әрбір көріністердің бірлігін және әрбір элемент пен детальдің үндесуі мен ажыратылуын ашып көрсетіп, олардың әрқайсысының қандай қызмет атқарып тұрғандығы мен бүтіндігін қаншалықты деңгейде қамтамасыз етіп отырғандығын анықтап алу бойынша жүргізілуі тиіс. Мәселен, Босхтың «Жерлік рахаттану бағы» деп аталған триптихының құрылымы күрделі, сан алуан оқиғалар мен үдерістер бір арнаға тоғысады, бір карағанда олардың арасында қатынастық, себеп-салдарлық байланыстар жоқ сияқты болып көрінгенмен, белгілі бір тұтастық пен үйлесімділікті қамтамасыз етуге құрылғандығы сөзсіз. Бұнда артық бейнеленген немесе оқшау көрініс жоқ. Демек құрылымның күрделілігі оны әуелі құрылымдық-функционалдық тұрғыдан талдауды қажет етеді. Бұл жалпы тұтас бейнені ұғынып алу үшін қажет. Осы тұста мүмкіндік келгенше ешқандай шағын элемент пен деталь, штрихтар назардан тыс қалмауы тиіс. Сайып келгенде, композицияның желісі мен шешімінің жүру бағыты толықтай анықталынады.

8. Герменевтикалық талдау ХХ ғасыр философиясындағы ағым болғанмен, оны бейнелеу өнерінің туындыларын талдауға қолдануды дәлелдеуді аса қажет етпейді. Себебі бұл әдіс бастапқыда көне діни мәтіндерді түсіндіруді (экзегетика) ғана басшылыққа алса да кейіннен аясы кеңейіп, барлық мәтіндерді түсіндірудің әдіснамалық ұстыны ретінде қолданылып, бүгінгі күні барша қоғамдық ғылымдар пайдаланатын тұрғыға айналып отыр. Кез келген ақпарат беретін шикізат мәтін болып табылатындығын ескерсек, бейнелеу өнерінің туындылары да түсіндірмелі

талдауды қажет ететін көркемдік түрде берілетін мәтінкеңдігі сөзсіз. Яғни көркем туындыны герменевтикалық талдау бойынша алдымен тақырып пен идея, ондағы айтылатын астарлы ой, шығарманың негізгі мазмұны мен оны толықтырып тұрған әрбір сәт және оқиғалар тізбегі сарапталады. Одан соң рәміздер мен аллегорияларды, семиотикалық таңбаларды, тұспалды, мәтінде анық байқала бермейтін түпкі мәнді, мәтін астарын көркемдік танымның кодтарын түсіндіріп берумен жалғасын табуы тиіс. Нәтижесінде тұтас шығарма хақында белгілі бір өзара үндескен пікірлер мен талдаулар тоғысуы керек.

9. Жоғарыда атап өткендей, мазмұнды теориялық талдаудың тағы бір тәсілі – психоанализ де психология ғылымы аясында туындағанмен, кейіннен бүкіл өнерді, рухани мәдениетті түсіндіруге қажетті құралға айналды. Психоанализ алғашында психологиялық ауру адамдарды емдеу үшін терапиялық тәсіл ретінде пайда болған болса, дами келе адамдардың психикасын, әсіресе бейсаналы ұмтылыстарды талдаумен жалғасын тауып, одан ешбір өнер мен мәдениет мұраларының тыс қалуы мүмкін емес парадигмаға айналды: «Мәдениеттанудағы психоаналитикалық тәсіл – З. Фрейдтің классикалық психоанализінен туындаған мәдени мәтіндерді талдаудың ерекше тәсілі... Мотивтік талдау З. Фрейдтің «неғұрлым еркін ассоциациялар болған сайын, олар соғұрлым сенімдірек» деген қағидасына сүйенетін кез келген семиотикалық объекті мен көркемдік мәтінге әр түрлі тұрғыдан келудің бағыты болып табылады» [10,87].

Психоанализдік талдау оқшау ұсынылатын туындыдағы адамдардың психикасын сараптаумен ғана шектеліп қалмайды, өз кезегінде құрылымдық-функционалдық талдаумен, герменевтикалық түсіндірмелермен жалғасын тауып сабақтасып отырады. Мәселен, психоаналитиктер әрбір рәміздің, ақылмен түсіндірілмейтін бейнелердің, мифтік және түс көрудегі оқиғалардың көркемдік тұрғыдан нақышталған сәттеріне ерекше көңіл аударады. Сондай-ақ күнделікті өмірде сәт сайын қайталанып тұратын бейсаналы құбылыстар мен тіпті суретшінің өзі түсіндіріп бере алмайтын образдарға да маңыз береді. Сондықтан соңғы уақыттарда көркем туындыларға психоанализдік талдау жасау кең құлаш жайып келе жатқан тиімді қадамдардың бірі деп айта аламыз. Мәселен, Босхтың «Сиқыршы» туындысын талдау барысындағы «мінездердің әртүрлілігін» сипаттау негізінен психологиялық талдаудан психоанализдік талдауға ұласып жатыр. Сонымен қатар қазіргі таңда өнер шығармаларынан архетиптерді табу мен түсіндіру дәстүрі психоаналитик К.Г. Юнгтің теориясын басшылыққа алады [11,43-49; 12]

10. Салыстырмалы талдауларды таразылай келе оның екі тұғырды басшылыққа алатындығын ұғындық: 1) уақыт бойынша (вертикальді); 2) кеңістік бойынша (горизонтальді). Уақыт ағымы бойынша салыстыру өткен кезеңдердегі туындыларды өзара немесе оларды қазіргі уақыттағы шығармалармен салыстырады, яғни тарихи-салыстырмалы талдау деп аталады. Кеңістік бойынша салыстыру әртүрлі аймақта қалыптасқан өнер туындыларының сәйкес келетін және ажырайтын тұстарын салғастыруды басшылыққа алады. Бұл орайда автордың өз туындыларын өзара салыстыру немесе өзге туындылармен салыстыру да айтарлықтай нәтижелер бере алады. Салыстырмалы талдауда – ұқсату, айырмашылық әдісі, сәйкестендіру, бірегейлендіру сияқты қарапайым логикалық тәсілдер қолданылады. Салыстырмалы талдаудан белгілі бір негіздерді басшылыққа алып, әртүрлі жіктеулер, классификациялар, топтастырулар мен біріктірулер туғызуға мүмкіндік ашылады. Мәселен, еліміздегі XX ғасырдың орта шенінен аяғына дейінгі кезеңдегі тұрмыстық жанрдағы ұлттық әуендердің ауқымдылығы мен аясы тұрғысынан оларды былайша үш топқа бөліп қарастыруға болады: 1) ұлттық реңктер – бұнда халқымыздың ұлттық нақыштары елеусіз, айқын аңғарылмайтындай деңгейде; рәміздік түрдегі оқиғалармен, түстермен, бояулармен, сандық көрсеткіштермен сәл ғана белгі береді; 2) ұлттық бедерлер заман шындығымен тұтасып отырады – бұнда басқа да саяси, әлеуметтік, мәдени, тұрмыстық, экономикалық нақыштармен қатар бейнеленген ұлттық болмыс, басқа салалармен кіріктіріледі, дәстүршілдік пен жаңашылдық синтезделеді; 3) таза ұлттық әуендермен толтырылған бейнелер – бұнда өзге бағыттар, яғни, идеология, саясат, экономика, интернационализм сияқты әлеуметтік ұстанымдар енгізілмейді, тек ұлттық болмыс қана «үстемдік» етіп, тұтастанып, туындыны түгелдей дерлік қамтып тұрады.

Постмодернистік талдау мағыналық жағынан айтарлықтай айырмашылық туғызбайды, бірақ мүлде басқа парадигманы енгізуді қолдайды. Себебі XX ғасыр соңына таман үстемдік ала бастаған постмодернистік мәдениет дәстүршілдік пен классиканы жоққа шығарумен және орнына жаңа талаптарды туғызумен ерекшеленеді. Бұнда белгілі бір мағыналық, логикалық пен парасаттылық, сабақтастық пен жалғастық сақталуы міндетті емес болып шығады.

Қорыта айтқанда, кескіндеме өнерін талдап, түсіндірудің жалпы бағыты мен формуласы іспетті нақты шаблондарыносылай тұжырымдауымызға болады. Осы шаблондар туындының сыртқы формасы мен ішкі мағынасын жан-жақты тереңнен ашып көрсету үшін, автордың ішкі айтайын деген ойын көрерменге жеткізіп беру үшін барлық көркемдік туындыларға ортақ әмбебап үлгі болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

- 1.Ильина Т.В. Введение в искусствознание:Учеб. Пособ. для студентов вузов.-М.: ООО «Издательства АСТ» - ООО «Издательства Астрель», 2003.-206 с.
- 2.Тарабукин Н. Проблема пространства в живописи//Вопросы искусствознания.-№ 1.-1993.
- 3.Михайлова А.А. Художественный образ как динамическая целостность//Советское искусствознания.-№1, 1976.
4. Художественная галерея №33, 2005.
- 5.Елшібеков Ж. Сыры мол бояулар//Қазақстан өнері. Жылнама/Құраст. М. Қожахметова.-Алматы: Өнер, 1990.-104 б.
- 6.Байжігітов Б. Бейнелеу өнерінің теориялық мәселелері.-Ақтөбе: «А-Полиграфия», 2003.-240 б.
- 7.Даниэль С.М. Композиция как категория искусствознания//Картина классической эпохи. Проблема композиции в западноевропейской живописи XVIII века.-Л.: Искусство, 1986.-199 с.
- 8.Нуржанов Б.Г. Культурология: курс лекций.-Алматы: Университет «Қайнар», 1994.-128 с.
9. Новейший философский словарь: 3-е изд., исправл. - Мн.: Книжный Дом. 2003. - 1280 с.
10. Культурология. Краткий тематический словарь.-Ростов Н/Д: «Феникс», 2001. -157 с.
- 11.Саркулова М. Об архетипе волка в тюркской культуре//Адам әлемі. 2009. -№2(40),
- 12.Оразқұлова Қ.С. Қазақстан суретшілері шығармашылығындағы архетиптік образ бен ұжымдық бейсана философиясы: Филос.ғыл.канд.дисс. Алматы, 2010.123б.

- 1.Ill'ina T.V. Vvedenie v iskusstvoznaniye:Ucheb. Posob. Dlja studentov vuzov.-M.: ООО «Izdate'l'stva AST» - ООО «Izdate'l'stva Astrel'», 2003.-206 s.
- 2.Tarabukin N. Problema prostranstva v zhivopisi // Voprosy iskusstvoznaniya.-№ 1.-1993.
- 3.Mihajlova A.A. Hudozhestvennyj obraz kak dinamicheskaja celostnost'//Sovetskoe iskusstvoznaniya.-№1, 1976.
4. Hudozhestvennaja galereja №33, 2005.
- 5.Elshibekov Zh. Syry mol bojaular//Қазақстан өнері. Zhylnama/Құраст. М. Қожахметова.-Алматы: Өнер, 1990.-104 б.
- 6.Bajzhigitov B. Bejneleu өнерінің теориялық мәселелері.-Ақтөбе: «А-Полиграфия», 2003.-240 б.
- 7.Danijel' S.M. Kompozicija kak kategorija iskusstvoznaniya//Kartina klassicheskoj jepohi. Problema kompozicii v zapadnoevropejskoj zhivopisi XVIII veka.-L.: Iskusstvo, 1986.-199 s.
- 8.Nurzhano B.G. Kul'turologija: kurs lekcij.-Almaty: Universitet «Қайнар», 1994.-128 s.
- 9.Novejšij filosofskij slovar': 3-e izd., ispravl. - Mн.: Knizhnyj Dom. 2003. - 1280 s.
- 10.Kul'turologija. Kratkij tematicheskij slovar'.-Rostov N/D: «Feniks», 2001. -157 s.
- 11.Sarkulova M. Ob arhetipe volka v tjurkskoj kul'ture//Adam әlemi.-№2(40), 2009.
- 12.Orazqulova Q.S. Қазақстан суретшілері шығармашылығындағы архетиптік образ бен ұжымдық бейсана философиясы: Филос.ғыл.канд.дисс. А.,2010.123 б.

Резюме

Аташ Б.М. Некоторые аспекты теоретико-методологического анализа изобразительного искусства.

В статье рассматриваются различные аспекты философского анализа изобразительного искусства, в частности, живописи. Автор, опираясь на постструктуралистский подход, пытается раскрыть содержание живописи как художественного текста. В статье систематизируются и дифференцируются теоретико-методологические принципы творческой деятельности художников.

Summary

Atash B. M. Some aspects of theoretical and methodological analysis of the fine arts.

This article discusses various aspects of the philosophical analysis of the fine arts in particular, painting. The author, drawing on poststructuralist approach that tries to reveal the content of art as a literary text. The article systematized and differentiated theoretical and methodological principles of creative activities of artists.

М. ЖЕТПІСБАЕВА

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ АЛҒАШҚЫ ИДЕЯЛАРЫ

Азаматтық қоғамның алғашқы идеяларын жария еткен Гоббс пен Дж.Локк оларды негізінде әлеуметтік-саяси жағынан қарастырды. Әсіресе Гоббс өзінің республикалық идеяларында монархистік жүйе тұрғыларынан онша алыстап кете алған жоқ. Адамдардың алғашқы табиғи жағдайындағы жеке-жеке тіршілігінен қауымдасу мен мемлекет құруға көшкендегі өз ырықтарын біріктіріп келісім жасаудың артықшылығы, оның ойынша, тек «бәрінің бәріне қарсы соғысынан» құтылғандығы екен. Келісімнің мәнісі бір жағынан қауымдасқан адамдар бәрі де өз жеке ырықтарынан бас тартып, билікті өздері сайлаған бір не бірнеше адамға береді. Ал ол барлығының ырықтарын біріктіріп, өз ырықна айналдырып, тізгінді өзі ұстайды. Әрине ол бір ғана адамға емес, адамдардың бір ғана тобына берілуі де мүмкін (династия). Осы ырықтың бәрін өз қолында шоғырлағандар қауым адамдарының қауіпсіздігін, жалпы мүдделерін, бейбіт жағдайын қамтамасыз етуі тиіс.

Дж.Локк болса алғашқы табиғи жағдайда «бәрінің бәріне қарсы соғысы» болды деп есептемейді. Оның түсінуінше қоғамдасып, мемлекет құруға басқа мұқтаждықтар итермелеген.

Т.Гоббс та, Дж.Локк та алғашқы адамдардың жеке, дербес тіршілігін оларға туа бітті еркіндіктің көрінісі деуден аулақ, керісінше, табиғи адамдардың өмірі сыртқы күштердің алдындағы дәрменсіз жандардың ауыр да қауіпті тіршілігі. Ондай өмірді бостандық деп айту қиын.

Гоббс болса шын мәніндегі бостандықты мойындамаған. Ол: «Еркіндік пен қажеттілік үйлесе алады... ерікті әрекеттер адамдардың ырықтан, ал ырық еркіндіктен, сонымен қатар адамдардың ырықтан туатын әрбір акт, тілек және талпыныс белгілі бір себептен, ол себеп тағы бір себептен, себептердің тізбегінен (ал тізбектің соңғы тізгіні, ең ақырғы себеп құдайдың қолында) болғандықтан оның бәрі қажеттіліктен туындайды. Осы байланыстарды көре алатын адамға адамдардың еркінсіген әрекеттерінің қажеттілігі айқын болар еді. Бәрін көріп, бәрін реттеп отырған құдай, әрине, адамдар қалаған нәрсесін істеп жатқанда да содан қажеттілікті, құдайдың өз қалағанының болып жатқанын да көреді... адамдарда ешнәрсеге құштарлық та, ешнәрсеге құмарлық та құдайдың ырықсыз болмас еді...» /1/.

Яғни Гоббстың теориясы бойынша о баста, адамдардың табиғи, қоғамға бірікпеген жағдайында әркімнің еркі өзінде, өзін өз қалағанынша басқарады. Бірақ адамдар табиғатынан тек өз мұқтаждығын ғана көздейтіндіктен олардың мүдделері бір-біріне қайшы, тіпті жау. Олай болса олардың арасында үнемі толассыз тартыс болып жатуы да табиғи. Осы бәрінің бәріне қарсы соғысынан адамдар алаңсыз бір-бірін жойып жібермес үшін олар қоғамдасып, мемлекет құруға мәжбүр болған. Мемлекет, яғни адамдардың өзіншілдігін тежеудің құралы болуға тиіс болған. Гоббстың ілімі осындай болғандықтан ол мемлекетке кірген адамдарды қоғамның ерікті, дербес мүшелері деп есептеуден аулақ. Яғни олар мемлекеттің азаматтары емес. Өз өмірін бейбіт күйде сақтай алса, басқа құқықтардан ол мақрұм. Ол сувереннің, яғни Гоббсша корольдің қоластындағы жан ғана. Егер Король немесе суверен өз міндетін орындамай жүрген жағдайда да қоғам мүшелері өз ырықтарын қайтарып ала алмайды. Гоббстың теориясының жартыкештігі осында. Оның ойынша, енді жарамсыз корольді халық құлатып, билігінен айыра алмайды. Себебі алғашқы келісімде мемлекетке кірген адамдар ол жөнінде өзара келісімге келген, тек содан кейін ғана өздерінің ортақ ырық суверенге берген. Басқаша айтқанда халық пен сувереннің арасында келісім болмаған. Онда сувереннің халықтың алдында ешқандай міндеті болмай шығады.

Шын мағынасында Гоббс осы соңғы тұжырымдары арқылы қоғам мен мемлекетті ерікті адамдардың келісімінен туған дейтін теориясының түп негізін бұзды деуге болады. Өйтпесе келісімнің мағынасы жоғалады. Келісім өз мағынасында тең жақтардың ортақ шешімі болуы тиіс. Келісетін тараптардың бәрі де одан өзінің белгілі бір мүддесін қанағаттандыруы керек. Әр тараптың белгілі бір міндеттері де болуға тиіс. Ал Гоббстың түсіндіруі бойынша, Король міндеттерін орындамаған күнде де халық оны биліктен тайдыра алмайды, олай етуге құқығы жоқ екен. Халық Корольге ешбір міндет артпастан елді билеу құқығын бере салған. Гоббстың теориясының ішкі қайшылыққа толы екендігі мынадан да көрінеді. Адамдар орталық билікке қаншалықты құқықтар бергенімен ешқашанда, ешбір жағдайда басқаға беруге болмайтын, әрбір

жаннан ешбір ажыратуға болмайтын құқықтар бар екен. Ол қандай құқық? Әрбір адамның өмір сүруге құқығы. Ол құқықты адамға жаратушы берген. Ол құқықты жарық дүниеде әр адамнан басқаның, соның ішінде сувереннің алып қоюына қақысы жоқ. Егер адамның өмір сүруге құқығын ешкім алып қоя алмайтын болса, онда сол өмір сүруге қажетті оның меншігін де алып қоюға болмайды. Мысалы, адамды тағам жеу, су ішу, ауамен дем алу т.т. сияқты онсыз өмір сүруге болмайтын нәрселерден де мақрұм етуге ешкімнің де, яғни жоғарғы биліктің де қақысы жоқ. Меншік сонысымен азаматты биліктен де, басқалардан да тәуелсіз етеді. Сонда да болса, осынша қайшылықтарға құрылғанына қарамастан, Гоббс азаматтық қоғамның алғашқы жаршысы болды. Келісім бойынша пайда болған мемлекет оған кіретін мүшелерінің жалпы мүдделерін қорғау үшін заңдар негізінде қызмет етуі тиіс. Монархиялық билікті жақтап, монархтың мызғымас суверен болуын қолдаса да ол конституциямен шектелуі керек деп білді. Осыған орай мемлекеттің болуы мүмкін үш формасына талдау жасағанда монархияға көбірек іші бұрады. Оның ойынша, конституциямен шектелген монархия ең оңтайлы билеу түрі. Ал демократия болса көптеген дау, талас-тартыс туғызумен мәселелерді шешуді қиындатады дейді ол.

Мемлекетті бір адам басқарғанда қиындықтар азырақ болады. Гоббс әрине билеуші монархтың өзіншіл ырқының ешбір тежелмегендігінің неге әкелетінін жақсы біледі. Сондықтан да заңдармен тежелген, білімді ақылгөй монархты аңсайды. Бірақ, эгоизм адамдардың, ал монарх та адам, түпкі табиғаты деп білетін Гоббс ондай адамның табыла бермейтінін де біледі. Ол тіпті өз кезіндегі мәдениетті деп есептелетін елдердің өзінде де бәрінің бәріне қарсы соғысы адамдар арасында, тіпті ең жақын, туыстардың да арасында бүркемелі түрде жүріп жатыр дейді. Оның үстіне сол «бәрінің бәріне қарсы соғысы» (латынша – «Bellum om'nia contra omnes») табиғи заңдылық болғандықтан оны тек тежеуге болады, жойып жіберу мүмкін емес.

Гоббстың демократиялық идеяларының бірі – барлық адамдардың тумысынан теңдігі. Табиғат адамдарды тең етіп жаратқан. Егер тәннің қара күші жағынан біреу артық болса, екінші біреу ақылды, сезімтал, жігерлі, батыл, шешен сияқты т.т. жақтарынан артық болып тұрады. Сөйтіп алғанда олардың орташа теңдігі шығады. Бірақ осы теңдіктің өзі біреулердің екіншілерге мәңгі бақи үстемдігін туғыза алмайтындықтан толассыз тартыс бола береді. Үстемдіктер қашанда орнықты емес, аумалы-төкпелі.

Король билігі құдайдан дейтін діни көзқарасқа Гоббстың қағидалары түбегейлі қарсы еді. Сондықтан да ХҮІІ ғасырдың бірінші жартысында оның жарық көрген шығармалары сұрапыл сынға ұшырады. Бұл сын әсіресе шіркеу басындағылар жағынан өшпенділік туғызды. Корольды құдайдың жердегі өкілі деп танитын заманда оның билікті халықтың қолынан алғандығын дәлелдейтін идеяға басқаша қатынас болуы мүмкін емес еді. Ол ХҮІІ ғасырдағы ағылшын революциясын қолдаған қалың бұқараның көкейкесті мүдделеріне сай келді. Король мен ағылшын парламенті арасындағы күресте демократиялық күштерге осындай идеялар рухани негіз болды. Англия королі мен парламентін жақтаған қарама-қарсы күштердің ұзақ уақыт әуелі бейбіт, кейін қарулы күштерінің соғысы бұл елдің демократиялық азаматтық мемлекеттік құрылымына монархияның белгілі бір нышанын қалдырып кетті.

ХҮІІ ғасырда ағылшын революциясына қоғамдық қайраткер ретінде белсене қатысқан Джон Локк (1632–1704) осы идеяны дамытушылардың бірі болды. Локктың мемлекеттің келісімдік табиғатын түсінуі Гоббстың көзқарастарынан әлдеқайда басқаша екендігін көреміз. Ең алдымен ол қоғам мен мемлекетті ажырата білді. Оның ойынша, қоғам мемлекеттен көп бұрын қалыптасқан. Мемлекет қалыптасқанға дейінгі адамдардың қатынастары жаулық сипатта емес, олай болуы тіпті мүмкін емес. Керісінше адамдар бір-біріне ықыласты, өзара көмек сипатында болған. Өйткені бұл адамдардың табиғатына тән қалып. Яғни оларға бейбітшілік қатынас неғұрлым сай келеді. Қоғамның өзі де табиғи нәрсе. Өркениеттік жағдайлардың туындысы деп есептелетін көптеген қасиеттер, оның ойынша, алғашқы адамдарға тән. Еңбек, оның жемістері оны іске асырғандардың табиғи заңды меншігі. Табиғи жағдайда адамдардың барлығы тең, тек жұмсайтын күштерінің, ықыластылығының, қабілеттерінің т.б. әртүрлілігі олардың байлықтарының, қоғамдағы орнының, беделінің әртүрлілігіне әкеледі. Содан келіп теңсіздік туады.

Гоббстан өзгеше Локк мемлекеттің қажеттілігін адамдардың бір-бірімен толассыз жаулығы емес, меншіктің шығуы, байлықтың жеке адамдардың қолында қорлануы, солармен бірге теңсіздіктер, әділетсіздіктер, өшпенділіктердің шығып, өрши беруі т.т. туғызды деп біледі.

Егер Гоббс қоғам, мемлекет және ешбір заңдар жоқ кезде адамдардың бір-біріне деген кез келген ісі, зорлығы, меншігін тартып алуы, тіпті өлтіруі де әділетті болды деп түсіндірсе, Локк адамдардың адамгершілік нормалары мемлекеттен бұрынғы қоғамда-ақ қалыптасқан дейді. Яғни әркімнің өз еңбегімен тапқаны оның меншігі болуы – әділеттілік. Оны екінші біреудің тартып алуы әділетсіздік. Мемлекеттің құрылуына, оның әсіресе заң шығарушы органының – парламенттің сайлануына Локктың ойынша осы меншікке байланысты әділетсіздіктердің өршуі негізгі себеп болса керек. Ендеше мемлекет қандай түрде болса да тіпті ол монархиялық формада болса да ол жалпы әділеттіліктің қорғаушысы болуы керек. Азаматтардың жалпы ортақ мүддесі осы. Ол ортақ мүдделер заң жүйесі болып бекітілуі тиіс. Сондықтан Локк заң шығарушы органды ең жоғарғы деп есептейді. Егер елді жеке адам, – монарх билесе де ол осы заңдарды орындаушы ғана болуы тиіс. Яғни барлық азаматтардың ортақ ырық мемлекет үшін заң. Әрине өзін құдайдың жердегі өкілі деп есептейтін монарх пен соны жақтайтындардың кезінде бұл барып тұрған қылмыс, бұл жаратушының жерде орнатқан тәртібіне қарсы шығу, қасиетті нәрселердің бәрін де тәрк ету. Католик дініне жан-тәнімен берілген жәй халықтың біразы да шонжарлар тарапынан езгі көріп жүрсе де король мен парламент күштерінің арасында болған соғыста монархия жағында болған.

Мемлекеттің түпкі шығу себебін Дж.Локктың өзі былай түсіндіретін: «Қоғамға кірудегі адамдардың негізгі мақсаты өз меншігін бейбіт және қауіпсіз жағдайда пайдалану, ал ол үшін ең негізгі құрал әрі қару болып соны қоғамда орнатылған заңдар қызмет етеді; барлық мемлекеттердің ең алғашқы әрі негізгі салауатты заңы – заң шығарушы билікті бекіту, ал заң шығарушы биліктің өзінің бағынуы тиіс – ең бірінші әрі негізгі табиғи заңы қоғамды (қоғамның игілігіне сай) және қоғамның әрбір мүшесін сақтау болып табылады» /2/.

Алғашқы келісім Локктың түсінуінде белгілі бір арнайы талқылаудың, саналы пікір жарыс түрінде емес, адамдардың бірігуге деген үнсіз іс жүзіндегі ыңғайласу түрінде болған болуы керек. Осылай бірігудің нәтижесінде ортақ ырықтың иесі – қауымдастық – ең жоғарғы суверен. Суверен – биліктің түпкі иесі. Яғни Гоббс жоғарғы Суверен деп монархты айтса, Локк халықты айтады.

Монарх Локктың идеясы бойынша тек атқарушы биліктің басшысы. Ол Жоғарғы суверенге бағынышты. Егер атқарушы билік, яғни монарх, халықтың мүддесіне қарсы жау болып шықса, халық оны биліктен, тіпті, қажет болса, күшпен құлатуға құқылы.

Локк азаматтық қоғам идеяларының көкжиегін барынша кеңейтті. Оның ойынша, билік мемлекеттік құрылымның белгілі бір деңгейінде, сатысында шоғырланбауы керек. Әсіресе белгілі бір қолда. Биліктің әртүрлі бөліктері, қырлары әртүрлі құрылымдарға бөлінгені дұрыс. Оның себебі: тек сонда ғана билік біреудің немесе бір топтың, институттың т.б. бір құрылымдардың қолында иеленіліп кете алмайды. Ең алдымен заң шығарушы билік атқарушы биліктен ажырау қажет. Заң шығарушы билік тікелей халықпен сайланып, соның ырықын тікелей білдіретін орган – парламент – ретінде ең жоғарғы билік болуға тиіс. Ол заңдардың орындалуын бақылап отыруы керек. Атқарушы билік оларды іске асырудың жолдары мен тікелей шараларын қарастырып, оны тікелей басқаруды иеленеді. Локктың идеясында сот та осы салаға жатады. Тек кейінірек қана француз ойшылы Монтескье сот билігін атқару билігінен ажыратып, өз алдына дербес билік саласы болу керек деп дәлелдеді.

Маркстік, әсіресе большевиктік насихатта осылардың барлығы буржуазиялық еркіндік, тек буржуазиялық қалталылардың ғана билігі деп уағыздалып келді. Бірақ, шын мәнінде, бұлардың барлығы жалпы адамзаттық бостандықтардың идеясы еді. К.Маркстың пролетариат диктатурасы туралы идеясының іске асуы басқа таптарды ғана емес, пролетариаттың өзін де бостандықтардан мақұм етті.

Солай бола тұра Локк ең қолайлы мемлекеттік басқару формасы деп **конституциялық парламенттік монархияны** қолдады. Монархтың билік құзырлары тым азайып бұрынғы халықтың әміршісінің орнына бос сүлдесі нышаны ретінде ғана қалып, халықтың жалдап алған ең жоғарғы қызметшісіндей тұлғаны сақтау белгілі бір топтардың көңіл-күйімен есептесу үшін қажет болды деуге болар. Өйткені барлығы да және әсіресе король тек заңның шеңберінде ғана жұмыс істеу керек. Бұл жерде де Локк Гоббстың суверен (яғни монарх немесе суверен деп танылғандар) заңға бағынбайды, себебі оның өзі заң шығарушы деген тұжырымына толық қарсы келіп тұр.

Англия қауымында және Еуропаның кейбір елдерінде ертерек қалыптасқан адамдардың әлеуметтік-психологиялық және саяси-экономикалық жағынан жеке дербестігі, автономдық оқшаулануы азаматтық қоғамның құралуының негізі әрі себебі болды. Осы өзгеріс дүниеге жаңа

көзқарас, оны жаңаша, басқаша сезініп, түсінудің де нәтижесі. Еуропаның басқа ірі қауымдарының ішінде осы өзгерістерді басынан ертерек кешіре бастаған ағылшын қауымы соған сәйкес өз философиясын да түзеді десе болады. Дербес, автономдық болмысына сай адамдар да басқа дүниені, табиғатты бүтіндей тұтастығынан бұрынырақ жекеліктердің жиынтығындай қабылдап, түйсінуді де заңды сияқты. Бұл да өздерін қоршаған табиғаттағы әрбір құбылысты өзі-өзімен ғана шектелген жеке нәрседей қабылдауға үйрететін болу керек. Эмпирикалық философияның элеуметтік-психологиялық көңіл ауаны осындай болатын болар. Дж.Локктың таным теориясы да осындай көңіл ауанның әрі алдын ала жеткен хабаршысы, әрі сол түзеліп келе жатқан қатынастардың метафизикалық бейнесі.

Осындай көңіл ауан бірте-бірте бүкіл Еуропаны қамтыды. Құрлықтағы Испания, Голландия, Португалия, Франция, Италия сияқты елдерде товарлы өнеркәсіптің қарқынды дамуы, рыноктың өрбуі т.т. үдерістер осындай көңіл ауаннан туындайды және өзі де соны тудырады. Оның құрлықтың шегінен асуы бұрын Еуропаға белгісіз жаңа құрлықты Американы – ашуға алып келді.

Егер Англия, Голландия сияқты елдер осы жаңа рухани бетбұрысты практикалық істермен қатар өткізген болса, құрлықтағы әлі монархия, шіркеу үстем болып отырған елдерде оны ең алдымен ой таразысынан өткізу, рухани деңгейде дайындау жағдайында еді. Алдыңғы елдердің азаматтық қоғамға өтуінің аса қиын да драмаға толы тәжірибесі Еуропа ойшылдарының әлдеқайда ауқымды зерттеулеріне арқау болды.

Осындай өзгерістерді Еуропада рухани жағынан дайындаған, қоғамдық ой өкілдерінің ішінде ең көрнектілері деп Вольтер мен Руссоны айтуға болады. Вольтерді қоғамдық келісім теориясын жақтады деп анық айтуға болмайды. Бірақ келешек азаматтық қоғамның іргесін құруға тиісті мұраттарды жария етіп, әсіресе күні өткен қоғамдық жүйені ащы да өткір сынға алғаны белгілі.

Франциядағы абсолюттік монархияның, феодалдық басыбайлылық, өз еңбегінен емес, мұра болып қалған жерлерге ие, содан байлыққа бөгіп отырған ақсүйектердің шектен тыс артықшылықтары, шіркеудің халықты қараңғылыққа душар етіп, құлдыққа көнбіс, жақсылықтың бәрін бұл дүниеден емес, о дүниеден күтетін енжарлар етіп отыруы – осылардың барлығы Вольтер шығармаларында ақылға ешбір сыйымсыз, жалғандыққа құрылған деп көрсетіліп, мазақ пен келемеждің нысанына айналды. Вольтер шығармаларының негізгі өзегі – азаматтардың еркіндігі. Әсіресе ойдың еркіндігі. Онсыз ғылым мен білім дамымайды. Табиғатты зерттеу адамзаттың игілігіне, еркіндігіне, әсіресе адами, мәдени, моральдық тазаруына қызмет етеді. Вольтер – ағартушы. Тек ақыл, зердеге сүйену, солардың өлшемімен ғана барлық нәрселерді таразылау адамдар санасын соқыр сенімнен азат етеді. Ой бостандығы жөнінде Вольтер бір кісіге қаратып: сіздің уағыздап жүретіндеріңізді мен соншалықты жек көремін, бірақ сол ойларыңызды айтып жүруге мүмкіндігіңіз болуы үшін өмірімді пиде етуге даярмын депті деседі. Яғни ол көзқарастар мен пікірлердің еркін жарысын қолдайды, оған тыйым болмау керек. Бұл әрине әсіресе шіркеу идеялогиясының өктемдігіне қарсы айтылған сөз.

Өз кезіндегі көп ойшылдар сияқты Вольтер де мемлекеттің ең тиімді формасын білімдар монархтың билігінен көрген. Бірақ өмірінің соңғы жылдары республикалық билік формасына қарай ойысқан. Өйткені білімдарлық барлық жағдайларда адамның жақсы адам болуының кепілі бола алмайтындығын Вольтер байқаған болуы тиіс. Сонда да болса, Вольтер тағыны мәдениет қана адам етеді, кітап оқу адам жанын шарықтатады деген ұстанымында қала берді. Оның үстіне әрқашан білімдар билеушіні қайдан таба бересің? Ал абсолюттік монархия болып отырған кезде билеуші халық тарапынан сайланбайтыны белгілі. Билік – билеуші әулеттің құдай берген меншігі.

Биліктің шығар көзі құдайдан дейтін дәуірден биліктің шығар көзі халықта дейтін көзқарасқа келу сайрап жатқан даңғыл жолдан өткен жоқ. Вольтердің өзі де халық билігі дегенге толық сене алған жоқ.

Демократиялық азаматтық қоғам идеясына, жалпы мемлекеттің келісімдік сипатына неғұрлым жақын келген ойшыл Ж.Ж.Руссо болды.

Өзінің әйгілі – «Қоғамдық келісім жөнінде немесе саяси құқықтың принциптері» деген еңбегін ол «адам еркін болып туады, бірақ барлық жерде ол құрсауда» деген сөздермен бастайды. Алғашқы табиғи адамдар қоғам, мемлекет құрмай тұрған кезде, Руссоның ойынша, адамдар еркін. Ол еркіндік әркімнің өз күнкөру мәселесін тек өзі шешетіндігінде. Әркімнің өз еркі тек өзінде. Әркімнің басқа адамдармен жүйелі, тұрақты қатынасы жоқ. Ондай байланыстар сирек әрі кездейсоқ. Сондықтан олардың арасында үнемі «бәрінің бәріне қарсы соғысы» болып жатты деу

қисынға келмейді. Ондай жағдайда адамдар арасында теңсіздік, жаулық қатынастар болуы мүмкін емес. Адамдардың табиғи айырмашылықтарының оған ешбір қатысы жоқ.

Қоғамдық ассоциация құруға деген мұқтаждық адамдардың өндіру қабілеттері артып, мұқтаждықтары да әртүрліленіп, сан жағынан көбейген кезінде пайда болатын болар. Әркім енді әртүрлі де өскелең, үнемі артып келе жатқан мұқтаждықтарын тек өзі ғана қамтамасыз ете алмай қалады. Оларды енді қоғамдасып, күш біріктіргенде ғана өтеуге болады. Адамдардың жеке-жеке күштерінің жәй сандық жиынтығымен салыстырғанда сондай күштердің бірігіп біртұтас күш болғанда әлдеқайда әлуегті екендігін ірі құрылыстарды техникасыз-ақ іске асырған ерте замандағылар-ақ көрсетті, дейді Руссо.

- слабость структурированных интересов, отсутствие ясно выраженной идентификации индивидов с соответствующими группами препятствуют формированию гражданских объединений и т.д.;

- пассивность и низкий уровень участия граждан в общественно-политической жизни;

- слабое и не эффективное воздействие организаций гражданского общества на структуры власти;

Президент Республики Н.А. Назарбаев еще в февральском Послании народу Казахстана за 2005 г. «На пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации» отметил, что: «Главное - дальнейшее развитие гарантий прав и свобод граждан Казахстана, свободы слова, объединений и политического волеизъявления. Мы уже имеем соответствующую нормативную базу. В соответствии с Указом «О дальнейшем совершенствовании системы конституционных прав и свобод человека и гражданина» расширены правозащитные возможности Омбудсмана, теперь нужны реальные действия» /2/.

Как мы можем видеть, формирование современного гражданского общества в Казахстане - сложный и длительный процесс. С момента обретения независимости Казахстаном пройден большой путь. За прошедшие годы республика стала полноправным членом международного сообщества, чьи инициативы практически всегда получали международную поддержку и осуществлялись на практике, установила стабильные и предсказуемые отношения со всеми соседями. Сложился международный имидж республики как серьезного и надежного партнера. В этой связи необходимо отметить, что Казахстан на сегодня является чуть ли не единственным государством в СНГ, которому удалось избежать острых конфликтных ситуаций как внутри страны, так и во внешней политике. Для молодой, независимой Республики Казахстан, ставшей полноправным субъектом и актором международных отношений, чрезвычайно важно ведение внешней политики, которая бы вовремя улавливала вызовы окружающей международной системы и достойно отвечала им, ставя во главу угла национальные интересы страны. Необходимо выработать новые подходы во внешней политике, найти эффективные принципы и модели внешнеполитического поведения в стремительно меняющихся международных, геополитических и геоэкономических условиях.

По определению Президента РК Н.Назарбаева «Приоритетными направлениями являются развитие сотрудничества с Россией, Китаем, США, Европейским Союзом. Большое значение придается взаимодействию с основными странами Азии и Ближнего Востока. Перед Правительством стоит задача неуклонной реализации основных договоров и соглашений с этими государствами с целью обеспечения безопасности Казахстана и создания благоприятных условий реформам внутри страны» /3/.

Поэтому практическим воплощением евразийской стратегии Президента Н.А. Назарбаева стало учреждение 10 октября 2000 г. Казахстаном, Россией, Беларусью, Кыргызстаном и Таджикистаном Евразийского экономического сообщества. Затем последовало создание 1 января 2010 г. Таможенного союза Беларуси, Казахстана и России. В настоящее время РБ, РК и РФ активно работают над созданием законодательной базы по переходу к следующему этапу интеграции - Единому экономическому пространству.

История: Евразийское экономическое сообщество (ЕврАзЭС) - международная экономическая организация, наделенная функциями, связанными с формированием общих внешних таможенных границ входящих в нее государств (Беларусь, Казахстан, Киргизия, Россия, Таджикистан и Узбекистан), выработкой единой внешнеэкономической политики, тарифов, цен и другими составляющими функционирования общего рынка.

Члены Евроазиатского экономического сообщества (ЕврАзЭС) - Беларусь, Казахстан, Кыргызстан, Россия и Таджикистан. Узбекистан приостановил членство; Армения, Молдова и Украина имеют статус наблюдателей.

Генеральный секретарь - высшее административное лицо Евразийского экономического сообщества - *Мансуров Таир Аймухаметович*.

По версии журнала Newsweek Казахстан занимает 61 место в списке «**Лучшие страны мира**» (англ. The world's best countries) /4/. Это сводный показатель состоит из следующих рейтингов:

Образование - 14 место,

Здоровье - 82 место,

Качество жизни - 45 место,

Динамизм экономики - 43 место,

Политическая обстановка - 81 место.

По версии компании Economist Intelligence Unit Индекс качества жизни в Казахстане на 96 месте.

По данным Всемирного экономического форума (World Economic Forum) в рейтинге мировой конкурентоспособности (Список самых конкурентоспособных стран мира) по данным 2010-2011 года Казахстан занимает 72 место /5/. Но (08.04.2011) президент РК Нурсултан Назарбаев сообщил, что по ряду показателей Казахстан уже вошел в первую полусотню наиболее конкурентоспособных государств мира, например, по уровню международных резервов /6/. Страна вошла в группу с высоким уровнем развития человеческого потенциала, по правилам в группу с высоким уровнем развития человеческого потенциала попадают страны у которых ИРЧП находится в промежутке между 51-ой и 75-ой процентилями /7/.

Как отмечает генеральный секретарь ЕврАзЭС Таир Мансуров: «Динамика изменений в мировой геополитике и геоэкономике сегодня нарастает. Вызовом современности, безусловно, наиболее успешно отвечает интеграция - процесс соединения экономических потенциалов государств с целью получения эффекта развития для национальных экономик. Истекшее десятилетие убедительно показало востребованность и жизненную силу ЕврАзЭС, которое продемонстрировало такие весомые конкретные достижения, как создание Таможенного союза Беларуси, Казахстана и России, учреждение Антикризисного фонда и Центра высоких технологий ЕврАзЭС. Уверенными темпами формируется Единое экономическое пространство. Главы государств ЕврАзЭС едины во мнении: создание Таможенного союза - это мощный интеграционный прорыв на постсоветском пространстве» Таир Мансуров, Генеральный секретарь ЕврАзЭС /8/.

Поэтому, современная научно-техническая революция просто вталкивает все страны мира в новую систему производственных отношений. А изменения эти радикальны. Сформировалась в отдельных развитых странах и развивается программная индустрия. Возникли информационные экономические комплексы, основанные на информационных технологиях. Совершенствуется глобальная система Internet-экономики. Расширяется экспорт и импорт программного обеспечения. Быстро развивается электронный бизнес, превращаясь в глобальный процесс, в связи с чем появляется и экспорт бизнес-моделей производства, референтных моделей сервиса. В данной ситуации диалектика развития ЕврАзЭС определяется тем, что, создавая обособленную интеграционную структуру, участники интеграции не могут обособляться от процессов в других регионах глобализующейся экономики, в том числе не осуществлять контактов с другими региональными интеграционными формированиями.

Итак, демократическое государственное управление предоставляет членам гражданского общества возможность внести вклад в управление и сыграть роль в определении государственной политики /9/. Участие гражданского общества стало одной из основных тенденций международного развития. Партнерство между правительствами, частным сектором и организациями гражданского общества считается одним из наиболее эффективных путей повышения уровня жизни людей и достижения устойчивого развития. Однако Институтам гражданского общества необходимо «активно генерировать идеи и ставить на повестку дня правительства вопросы, выпадающие из их поля зрения; развивать сотрудничество между исследовательскими центрами, включая стипендиальные программы, что позволит повысить уровень информированности о тенденциях экономического развития стран региона и повысит качество рекомендаций собственным правительствам; развивать сотрудничество с международными исследовательскими центрами, заинтересованными в проведении исследований по региону ЦА; инициировать проведение региональных исследований, предлагая такие проекты донорскому сообществу; постоянно развивать свой исследовательский потенциал»/10/.

В настоящее время в Казахстане происходит дальнейшее становление и развитие гражданского общества. Прежде всего, это проявляется в провозглашении прав и свобод личности высшей социальной ценностью, определяющей смысл и содержание деятельности государственных органов. К числу предпосылок создания гражданского общества можно также отнести развитие рыночной экономики, многопартийной политической системы, реализацию в государственной жизни принципа разделения властей. В то же время в Казахстане только начинает формироваться гражданская культура населения. Директор КИСИ Булат Султанов в своих прогнозах развития Казахстана в среднесрочной перспективе отмечает, что «В Республике Казахстан за 20 лет независимости, в результате последовательного осуществления социально-экономических и политических реформ, построено современное, светское государство, приверженное идеалам мира, толерантности, сотрудничества со всеми странами мира. Сделан окончательный выбор в пользу государства с рыночной экономикой и социально ориентированным обществом. Осуществляемая с прошлого года Программа форсированного предусматривает не только строительство новейших индустриально-инновационных предприятий, но и модернизацию образования, которая позволит создать конкурентоспособную интеллектуальную нацию, поскольку только интеллектуальная нация может рассчитывать на успех в современном мире. Личным кредо каждого гражданина страны должно стать «образование в течение жизни». Казахстан находится в начале пути. Если мы хотим жить лучше и богаче, необходимо напряженно трудиться, добиваясь новых высот в экономической, политической и культурно-гуманитарной сферах» /11/.

Таким образом, в заключении следует отметить, что перспективы развития гражданского общества в Казахстане есть, об этом говорит и рост числа и объема деятельности структур гражданского общества формирующихся в стране, и создание властью условия для их свободного самостоятельного развития, и формирование гражданственного сознания свободного человека, которое обеспечивает возрастание самопроявлений личности и повышение гражданской активности казахстанцев.

ЛИТЕРАТУРА

1. Концепция развития гражданского общества в Республике Казахстан на 2006-2011 годы. См. сайт: http://www.akorda.kz/ru/kazakhstan/non-governmental_organizations/conception_for_developing_civil_society_in_the_republic
2. См. сайт: <http://www.nomad.su/?a=3-200502210224>.
3. Там же.
4. Interactive Infographic of the World's Best Countries – Newsweek
5. The Global Competitiveness Report 2010-2011
6. «Казахстан уже вошел в Топ-50 конкурентоспособных стран мира» // См. сайт: <http://i-news.kz/news/2011/04/08/4352791.html>
7. См. сайт: <http://hdr.undp.org/en/media/PR3-HDR10-HDI-R.pdf>
8. См. сайт: <http://evrazes.com/about/evrazestoday>
9. UNDP (2004), Thinking the Unthinkable: From Thought to Policy. The Role of think-tanks in shaping government strategy. Experiences from Central and Eastern Europe.
10. Влияние кризиса на страны Центральной Азии. Роль гражданского общества и повестка дня правительств// Меруерт Махмутова Центр анализа общественных проблем (Pubic Policy Research Center)
11. Республика Казахстан: стабильность, модернизация, устремленность в будущее - директор КИСИ Булат Султанов// См. сайт: http://www.inform.kz/rus/article/2406622_21.09.2011_12:19

Резюме

ЕурАзЭҚ-дағы азаматтық қоғамның қалыптасуы: әлеуметтік-философиялық талдау

Бұл мақалада халықаралық дамудың негізгі тенденцияларының бірі ретінде азаматтық қоғамның қатысуы екенін айқындалады. Сонымен бірге, Қазақстандағы азаматтық қоғамның дамуының болашағы барын оның саны, құрылымы және атқарылып жатқан қызметінің ұлғауы дәлелдейді.

Summary

The formation of civil society in Kazakhstan and Eurasian Economic Community: the social and philosophical analysis

The article notes that the participation of civil society has become one of the major trends in international development. In addition, the prospects for the development of civil society in Kazakhstan is, as evidenced by the increase in the number and volume of activity and civil society emerging in the country.

Т.С. ТЕБЕГЕНОВ

ХАКІМ АБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАНУ

Әрбір халық өзінің тарихындағы қалыптасқан әдет-ғұрыптық, тұрмыс-салттық дәстүрлерімен ерекшеленеді. Халық дәстүрлері ежелгі замандық тайпалық кезден бастау алып, ұлт болып кемелденген кезге дейін үздіксіз жетілу, даму жолында үнемі нәр берерлік қуатпен сақталды. Өркениеттің биік сатыларына жеткен халықтар ұлттық рухани қазыналарын, салт-дәстүрлерін уақыттың белестерін жоғалтпай, жаңғырта ұстауымен өздерінің мықтылығын бүкіл әлемге әйгілей алатындығы – өмір шындығы. Әрине, халықтың рухани қазынасын жоғалтпай, ұрпақтардың зердесіне тарихшылдық-ұлтшылдық, ойшылдық-ұстаздық тағлыммен үйрететіндер дарынды жеке адамдар. Олар – жеке бір ұлттың маңдайына, бақытына туған асылдары, ұлылары.

Қазақ халқының ежелгі замандардан бүгінгі күндерге дейінгі қалыптасу жолындағы пәлсапалық, психологиялық, көркемдік танымдық сырларға толы жан-дүниесін ұрпақтарға танытатындар шоғырында ұлы Абай тұлғасы үнемі дараланып тұрады. Көрі тарихтың талай ауыр сынақтарынан өтіп бүгінгі күндері Алаш ұранды қазақ атты ұлтымыз өзін-өзі тереңдей тануға құлшына кірісіп жатқанда ұлы Абай атамыздың шығармаларын құрал етеміз. Сөз өнері атты адамтану ғылымындағы ойларының данышпандық сырларына қайта-қайта үңілеміз.

Хакім Абай шығармашылығының өзекті арқауы – адамның рухани әлемі. Адамзаттың бір бөлігі қазақ халқының тарихын, этнографиясын, мінез-құлықтың жан-дүниесін терең тану арқылы өзінің ойшылдық, суреткерлік мәңгілік аласармас биіктігіне көтерілді. Абайтану ғылымының негізін салған, қалыптастырған ұлы суреткер ғұлама жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов осыған байланысты былай дейді: «Бүкіл дүниежүзінің алдыңғы қатарлы ақындық мәдениетінің маңызды элементтерін қамтыған Абай шығармалары қазақ әдебиетін, оның бүкіл мәдениетін ғасырлық оқшаулану, мешеулік қалпынан шығарып, жоғары тарихи сатыға көтерді. Абайдың халықтығы мынада: ол өз халқының рухани көзі болып, алысты көре білді, халық үшін ойлап, халық үшін сезіне жүріп оның тарихи келешегін көрсетіп берді» [1,35-б.].

Ұлы суреткеріміз М. О. Әуезов айтқан қазақ халқының «бүкіл мәдениетін ғасырлық оқшаулану, мешеулік қалпынан» айықтыру үшін Абай елінің бұрынғы және өзі көріп жүрген қалпына перзенттік, азаматтық сезімталдықпен терең зерттеушілік көзқараспен қарады. Қазақ халқының тарих көшіндегі жүріп келе жатқан жолын, қалыптасуындағы дербес, өзіндік дара өзгешеліктерін ішкі рухани, сыртқы қазақы келбет, пішін ерекшеліктерін толық қамти зерттеді. Халықтың қалыптасуындағы табиғи қасиеттерін, әдет-ғұрыптарын, мінез-құлық ерекшеліктерін суреттей жырлау арқылы көркем шығармашылық әлемдегі реалистік жаңа тағлымды жолды бастады. Ақын «Ескілік киімі» өлеңінде қазақ халқының ұлттық киімдері үлгілерінің біразына сипаттама береді:

Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен,
Тон қабаттап кигенім – шидем шекпен.
Жейде-дамбал ақ саңнан, жарғақ шалбар,
Жырым балақ, матамен әдіптеткен.

Мықшима аяғымда былғары етік,
Киіз байпақ тоңдырмас ызғар өтіп.
Үлкен кісе белімде, жез салдырған,
Шақпағым, дәндәкуім жарқ-жүрқ етіп.

Күләпәра бастырған пұшпақ тымақ,
Ішкі бауын өткізген тесік құлақ.
Тобылғыдан кесіп ап, жіппен қадап,
Артын белге қыстырған бар құрысқақ.

Қалмақы кара үзеңгі, биік қасты ер,
Қанжығамда байлаулы жіптен шідер.
Жарғақ жастық, көпшігім жезді мыстан,
Бір келісті сайманым топқа мінер [2, 163-б.].

Қазақтың «топқа мінер бір келісті сайманын» ұлы ақын осылай суреттеу арқылы көз алдымызға ұлттық-этнографиялық тұрмысымызды айқын елестетеді. Әлемдік тарихта өзіндік үлкен орны бар қазақ халқының бағзы замандар бойы тұтынылып, бүгінгі күндерге дейін жеткен ұлттық киім үлгілерін жырлау арқылы қазақы салтымыздың шынайы бояулары да танылады.

Абай – қазақ тарихын зерттеуші. «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген зерттеу еңбегінен туған халқының қалыптасу тарихын арнайы қарауға, кең тануға ден қойған ұлы ойды аңғарамыз. Қазақ тарихына қатысты бұрынғы-соңғы жазылған еңбектерді назарына ала отырып, Абай қазақтың түрік-моңғол тұқымдас халықтар тобына кіретінін дәл анықтайды. Еңбекте Абай қазіргі қазақ тайпаларының түркі тілдес, қандас халықтарымен (татар, қырғыз, т.б.) бірге өмір сүрген уақытына да біраз тоқталады. Әсіресе, түркі тайпаларының ислам діні келгенге дейінгі шамандық-бақсылық наным-сенімдердің ықпалында болғандығына назар аударады. Көк тәңірге табынған түркі тайпаларының сол наным-сенімдерінің қазақтар ортасында мәңгілік сақталып қалғанын «... келін түскенде үлкен үйдің отына май құйып», «От-ана, май ана, жарылқа!» дегізіп, бас ұрғызған секілді, өлген аруаққа арнадық деп шырақ жаққан секілді, жазғытұрым әуеден бұлт күркірегенде, қатындар шөмішімен үйдің сыртынан ұрып, «Сүт көп, көмір аз» деген секілді ырымдар болғандығымен айрықша атап көрсетеді [3, 167-б.].

Ежелгі тайпалық – ұлыстық, замандардан бері аңшылық-бақташылық мазмұндағы тұрмыстық-шаруашылық кезінен қалыптасқан Жаңа Жылдық мереке – Наурыз. Абай осы еңбегінде қазақ Жаңа жылының мәнін, «Наурызнама» деп аталатын той-думанның «Ұлыстың ұлы күні» болып айтылатынына ерекше ықылас қоя қарайды.

Еңбекте қазақ халқын құраған түркі тайпаларының Шыңғыс хан шапқыншылығына дейін отырықшы болып, қалаларды мекендеген сауда мен егіншілікпен де айналысқанына байланысты жазады. Бұндай деректерді тарихи дәлелдікпен үйлестіре жазуынан Абайдың түркі-моңғол тайпаларының ежелгі тарихымен жетік байланысты іргелі еңбектермен, тарихи өмірлік мұралармен жетік байланыста болғандығын байқаймыз, Нақтылап айтқанда, шығыстың талантты жазушы, ақыны Үндістанда Ұлы Моғол мемлекетін құрған ержүрек қолбасшы, мемлекет қайраткері Захир-аддин Мұхаммед Бабырдың (1483–1530) «Бабырнамасын» оқығандығы осы еңбегінде аталады. Зерттеуде Бабырдың нағашысы Жүніс ханның балаларының бірі Сұлтан Ахмет туралы тарихи дерек беріледі. Нақты тарихи еңбекке сүйене берілген дерек арқылы Абай қазақ тарихындағы елеулі оқиғалардың, жеке адамдардың халық тарихындағы еңбектерін танудың мүмкіндіктеріне жол ашады.

Абай оқыған «Бабырнамадағы» мына деректің маңызды екендігі даусыз: «Ахмет хан қалмақты көп шауыпты. Қалмақ рақымсыздығына қарай «мынау бір алашы болды ғой» депті, жан алушы болды дегеннің орнына. Сондықтан ол кісі Алаша хан атаныпты. «Бабырнамада» солай жазылған» [3, 169-б.]. Осы тарихи деректі негізге ала отырып Сұлтан Ахмет және оның әскерінің «алашы-алашы» деген айғай ұранмен жауға шапқанын, көп адамның айғай салуын «алаш-алаш» болып естілгенін айтады. Сондықтан «Алаш-алаш болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік» деп, алаш ұранды қазақ атанған себебі сол екен», – деп түйіндейді [3, 169-170-б.б.].

Осындай әлемдік маңызы бар тарихи деректері тиянақты жазбаларға сүйене жазылған еңбекте қазақ жасақтарының Шыңғыс хан түмендерінің құрамында болған кездегі жорықтары, Темучинді Шыңғыс хан атандырып ақ киізге сап көтерген осы екі бидің бірі – түгел сөздің түбі-бір, түп атасы – Майқы би туралы деректер бар. Қазақ мемлекетінің өмір сүрген тарихындағы хан-төрелердің бәрі де Шыңғыстың ұлы Жошы нәсілінен тарағандығын да тарихи нақтылық жолымен жазады.

Қазақтың тарихы, фольклоры, этнографиясы, мінез-құлықтық-этикалық, психологиялық ерекшеліктері – Абайдың шығармаларының барлығында да кездеседі. Әрине, суреткерлік көркемдік тәсіл аталған мәселелердің алуан сырлы бейнелілікпен суреттеу жағдайына әкеледі.

Қазақ тұрмысындағы аңшылық саятшылықтың ғажап бір түрі – бүркіт салып аң аулау. «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі арқылы қазақ елінің табиғатпен етене араласқан табиғи бітім-болмысы танылады. Түні бойы жауған қар таң ата тоқтағаннан кейінгі қысқы қалыпты халқымыз қансонар деп атайды. Қалың қарда малтыса да, омбыласа да шаршамайтын мықты, ат үстінде ыңғайлы, ықшам киімі, қасында сенімді, тату жолдасы бар аңшы бұндай күндердің аңшылығын рақаттана өткізеді. Өлеңдегі тұрмыстық-этнографиялық суреттер арқылы табиғат тынысымен біте қайнаған дала адамының сұлулықты, құштарлықты ардақ тұтқан жан-дүниесі

танылады. Қазақ халқына ғана тән осы аңшылық түрін суреттеу арқылы ұлттық мінез-құлықтары дарқандық, серілік сипаттарды аңғартады:

Ұқпассың үстірт қарап бұлғақтасаң,
Суретін көре алмассың, көп бақпасаң.
Көлеңкесі түседі, көкейіне,
Әр сөзін бір ойланып салмақтасаң.
Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,
Біле алмассың, құс салып дәм татпасаң [2, 19-б.].

Абай шығармаларындағы реалистікпен жырланған мәселелердің бірі – қазақ аулының тұрмыс-тіршілігі, күнделікті іс-әрекеттер, күнкөрістік, шаруашылықтың жағдайы. Ақын киіз үйді негізгі мекен-жай еткен көшпелі халық тұрмысын негізінен табиғатпен, жыл мезгілдерімен байланыстыра жырлап суреттейді. Солардың бірі – «Жаз» атты өлеңі. Жазғы қонысқа, жайлауға көшу – қазақ тұрмысының сәнді, салтанатты шақтарының бірі. Шыжыған шілденің ыстық күндері, маужыраған айлы-айсыз түндері, түнімен алтыбақан теуіп, ақсүйек ойнайтын, той-думаны мол жаз қызығы басталған кез – осы ауыл көшінің жазғы жайлауға енді көшіп келіп жатқан сәтінен басталады. Ақын жазғы қонысқа енді қонып жатқан ауылдың малын да, жанын да біртұтас қимыл-әрекеттің ауқымында жырлайды.

Кең даланың мөлдір сулы өзендерін, көлдерін, бетегелі белдері мен көк шалғынды, ну орманды алқаптарын емін-еркін жайлаған Алаш елі, қазақтың сұлу тұрмысының ұлы Абай жырлаған осы бір суреті жүректі елжіретеді. Жазғы жайлауға көшіп келіп, киіз үйлерді қызылды-жасылды сәнімен үйлестіре жағалай тігіп жатқан ауыл сипатында халық тұрмысының мазмұнды, мағыналы тарихы сыр шертіп тұрғандай:

Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап.
Ақ білегін сыбанып,
Өзілдесіп сыңқылдап.[2,46-б.].

Жазғы қонысты жайылым, малшылар, жылқышылар жайы, суды жағалаған ауылдың үлкені мен кішісінің абыр-сабыр әрекеттері – бәрі де ұлттық психологиялық мінез-құлық, дағдылар аясында суреттеледі.

Абай өлеңдерінде қазақтың тұрмысындағы үйлену салтына байланысты мәселелер де үнемі аталады. Әрине, өлеңдері негізгі тақырыптық ойды ашу үшін алынған ондай суреттердің маңызы зор. Мысалы: «Біреудің кісісі өлсе қаралы ол» туғаннан бастап өмірден кеткенге дейінгі аралықтағы адамның ғұмыр кезеңдерінің өлеңмен өтетінін жырлайды. Демек, қазақ – ақын, әнші, жыршы өнерпаз халық. Қуанғанда да, қайғырғанда да ән салып, жыр жырлайтын қазақты өзгеше қылықты қалпын ақын тілі тебірене толғайды.

Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол,
Қаза көрген жүрегі, жаралы – ол.
Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,
Зарланып неге әнге салады ол?

Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл,
Қыз таныстыр, қызыққа жұрт ыржаңшыл,
Қына менде, жар-жар мен беташар бар,
Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл?

Бала туса күзетер шілдеhana,
Олар да өлең айтар шулап жана.
Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,
Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара [2, 66-б.].

Абай шығармаларындағы қазақ халқының рухани дүниесін танытатын көркемдік сипаттардың ауқымы кең. Ұлы ақынның шығармаларына қайталап үңілген сайын жалпы адамзаттық және адамгершілік гуманизм мәселелерін туған халқының тарихын, әдет-ғұрпын, рухани тұлғасын

таныту көзқарастарымен ұштастыра қарағанын танимыз. Абай – туған халқына тән жақсылық атаулыны өз бойына сіңіре отырып, өлеңдері мен қарасөздерінде қазақтың рухани әлеміндегі күйкі, көлеңкелі жақтарды да шынайы жанашырлыққа толы перзенттік көңілімен сынай да білді. Отаршыл басқару жүйесінің құрсауындағы елдің тек қана оқып-білім алу арқылы ғана жетілетінін білді. Сондықтан, қалай да қазақ жастарының білім алуы керектігін жырлады.

Абайдың шығармашылық мұрасы – қазақ тұрмысының айнасы. Ақын өлеңдері мен қарасөздеріндегі қазақ фольклорындағы сан алуан мақал-мәтелдердің қолданылуы, жоқтау, көңіл айту жанрларының ұлы ақынның төл шығармалары түрінде жаңа көркемдік нұсқада дүниеге келуі – бәрі де шеберлік тағылымы.

Қорыта келгенде айтарымыз, Абай – қазақтанудың атасы. Сан ғасырлық тарихы, елдік тұлғасы зор қазақ елінің XIX ғасырдың екінші жартысындағы Ресей мемлекетінің әкімшілік құрсауындағы мүшкіл тағдыры, болашағы туралы күйзеле жырлаған Ұлы ақынның қайғылы зары бүгінгі ұрпаққа өнеге. Халық тағдыры хақындағы өлең жолдары тәуелсіздігін нығайту үшін күресіп жатқан халқымыздың бүгінгі жағдайымен де ортақтасып тұр.

Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде - ұйқың.

Көрсеқызар келеді байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың.

Бас-басына би болған өңкей қықым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сыйқын
Өздерінді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың [2, 28-б.].

Ұлы ақын Абайды күйзелткен осы ұлттық ұсақталудан, тозғындаудан енді ғана біртіндеп арылып келеміз. Өз ырқын енді ғана қолына ұстаған тәуелсіз Қазақ Елі өркениеттік дамудың жаңа жолына бет алды. Бұл – қазақ халқының өркендеу, өсу жолы.

ӘДЕБИЕТ

1. Әуезов М.О., Жиырма томдық шығармалар жинағы.-Алматы: Жазушы.-Т.19:Зерттеулер, мақалалар., 1985.-496б.
2. Абай (Ибраһим Құнанбаев) Екі томдық шығармалар жинағы.-Алматы: Жазушы,1986.-Т.1: Өлеңдер мен поэмалар.-304б.
3. Абай (Ибраһим Құнанбаев) Екі томдық шығармалар жинағы.-Алматы: Жазушы.-Т.2: Аудармалар мен қара сөздер.-200б.

А.З. БУЛТБАЕВА

ИДЕЯ НЕЗАВИСИМОСТИ В ТРАДИЦИОННОЙ МУЗЫКАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЕ КАЗАХОВ

Устно-поэтическое музыкальное искусство казахов призвано помогать воспитанию культуры высоких чувств и становлению духовного мира личности. Оно воздействует на внутренний мир человека, его самосознание и помогает преодолеть дисгармонию в обществе, воспринять общечеловеческие ценности и многое другое. Не случайно казахский народ называют «народом поэтов и певцов». Поэтому, богатое устное поэтическое творчество и необъятное песенно-музыкальное наследие казахов, не смотря на свой долгий период существования, по сей день являются неиссякаемым источником вдохновения для современности и эталоном воспитания нравственности современного общества.

На протяжении многих столетий казахский народ был вынужден защищать свои земли от иноземных захватчиков ценою своей жизни. И практически во всех существовавших жанрах музыкального искусства казахского народа, начиная с древнейших времен, заканчивая современными произведениями присутствует тема независимости и свободы. И какую бы область фольклора сейчас не затронули исследователи, в каждом из них, в той или иной степени, находит отражение идея независимости государства, отдельных личностей или определенного слоя населения.

Жизнь казахского народа в первую очередь нашла свое отражение в устном народном творчестве – фольклоре. Как известно, фольклор является составной частью богатой народной культуры. В течение длительного периода времени он оставался единственным средством выражения народом своих дум и чаяний. Как верно заметил М.М.Каратаев: «Фольклор, являясь общенародным коллективным творчеством различных классов и социальных групп, не был социально однородным, и не принадлежал всецело одному классу. Он наследовал и развивался разными классами в каждую эпоху в соответствии с условиями жизни народа, интересами и особенностями мировоззрения данной социальной среды» [1].

По богатству сюжетов и многообразию жанров казахский фольклор предстает перед нами как глубокий океан, полный неразгаданных тайн. Следуя за жизнью и историей, устное творчество по необходимости меняло свои формы. Если эпическое произведение было наиболее подходящей формой описания деяний легендарных батыров, то для регулирования морально-этических норм и правовых отношений кочевого общества требовалось нечто иное. Более специфические средства требовались для регулирования отношений быта, закрепления обычаев и традиции. Соответственно, функции фольклорных произведений – познавательные, воспитательные, эстетические.

Исследователями установлено, что наиболее распространенными жанрами казахского фольклора были бытовые и обрядовые песни, кюйи, эпические песни, легенды, различные сказки, пословицы, поговорки, и конечно же эпос. Не случайно нам оставил следующие строки великий мыслитель Абай:

«Туғанда, дүние есігін ашады өлең,
өлеңмен жер қойнына кірер денен...»

Большое место занимали в культуре казахского народа пословицы и поговорки. В них отразились мировоззренческое значение и глубокий философский смысл, дух народа. Пословицы и поговорки, в которых заложена народная мудрость, относятся к ораторскому виду искусства «шешендік өнер», где «орудием труда» является слово, а пословицы и поговорки в них - тем фактором, который не подлежит ни спору, ни возражению. Данный вид искусства развивается и по сей день.

Не менее ярко мировосприятие казахского народа отражается в народных сказках. Сказки – неисчерпаемый родник народной мудрости. Главной функцией сказок является воспитание подрастающего поколения.

Наряду со сказками, пословицами, поговорками, песнями и другими видами фольклора, мышление, мировоззрение, философия казахского народа получили особо яркое отражение в эпосе. По определению О.Сегизбаева, «Эпос – это художественно-образное отражение действительности в народном сознании». Наиболее яркие эпические произведения казахского народа: «Қобыланды ба-

тыр», «Алпамыс батыр», «Ер-Тарғын», «Қамбар батыр», «Қозы Көрпеш Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман - Шолпан» и другие.

Как очевидно из содержания эпосов, они создавались в разное время, даже в разные эпохи и обновлялись на реальных исторических событиях. И почти в каждом эпическом памятнике, идея независимости в той или иной степени находит отражение. Две главные темы: борьба с иноземными захватчиками и борьба между представителями разных сословий присущи как героическим, так и лиро-романическим эпосам казахов. Если в героических эпосах борьба была направлена против гнета чужаков, когда народные герои ценою своей жизни защищали родные земли, то в лиро-романических эпосах она была против внутренних врагов, угнетателей и поработителей беззащитного слоя населения и женщин. Таким образом, идея независимости народа, земли или отдельных представителей общества запечатлелись в памяти народной в виде эпических полотен, песен, кюев и других видах искусства.

Во всех эпосах заложен глубокий философский смысл морально-этического свойства. То есть, как и в сказках и поговорах-поговорках, в эпосе большое внимание уделяется не просто физической силе, но и знаниям, умственным способностям героя и других действующих сил. По этому поводу исследователь генезиса и становления эпоса Р.А.Бадалов отмечал: «Эпос практически обобщает и сохраняет весь опыт коллективного сознания народа от эпохи первобытно-общинной формации до самого преддверия государственно-классовой жизни. Эпос собственно и возникает как взгляд от этого рубежа, как попытка народного сознания осмыслить свою модель жизни не только как идеализированно вчерашнюю, но и как вечную, и, одновременно, как попытка складывающегося государства сохранить свою «вечность», осмысливая ее как форму народной жизни. Не случайно, в позднейшие времена эпическое окажется просто синонимом объективного, а эпос – своеобразной моделью предельно объективного взгляда на мир, снимающего относительность различных точек зрения» [2].

В наше время эпос бытует не только в традиционной форме, но и в форме музыкальных драм на эпический сюжет. Широко известны драматические спектакли, кинофильмы, оперные и балетные постановки, песни, а также домбровые кюи на эпический сюжет. Последние, чисто инструментальные произведения, имеют самостоятельное художественное значение. К примеру, кюи «Ақсақ құлан», «Сыр-Дуан», «Қамбар батыр» были отнесены Б.Г.Ерзаковичем к особому виду воплощения казахского эпоса. Такое же применение эпического сюжета в инструментальных произведениях мы наблюдаем и в других культурах. Например, Т.Мирзаев в своей статье о традиционных формах обучения узбекских народных сказителей констатирует, что «до сих пор среди музыкантов распространены мелодии, получившие название «Бахши куй» (Напевы бахши)», чисто инструментальные произведения» [3].

Появление инструментальных кюев на эпический сюжет, по нашему мнению, берет начало, в первую очередь, из инструментального сопровождения эпических полотен. Из авторского анализа очевидна роль инструмента, на протяжении исполнения эпоса – как сопровождения, а при отдельном исполнении – как музыкального произведения с самостоятельной формой и содержанием. На наш взгляд, это служит основанием для предположения о том, что домбровые кюи на эпический сюжет генетически связаны с аккомпанирующим материалом эпических полотен как в казахской, так и в других тюрко-язычных культурах.

Так же существуют и жыр-кюйи. Это инструментальные пьесы, обозначение которых в виде нового термина введено в музыкальную практику самими исполнителями. По мнению Сарымсаковой А.С.: «правомерность существования данных терминов может объяснить только жанрово-стилевой фактор. Как показывает анализ музыки, в жыр-кюях присутствуют жанровые особенности и жыра и кюя, а в эн-кюях - соответственно песни и кюя. Значит, в объединении этих разных слов стилиевой фактор приобретает важное значение. На наш взгляд, названия «жыр-кюй» и «эн-кюй» дают точную, конкретную ссылку на основополагающее значение напева эпоса или песни в том или ином виде инструментальных пьес. Исполнители, всегда оглашая название произведения, в тех случаях, когда отсутствует сам термин «жыр-кюй», поясняют, что будет звучать именно жыр-кюй. Тем самым слушателей предупреждают, что основной напев этого произведения будет мелодия, взятая из эпоса» [4].

В этой связи, необходимо еще раз подчеркнуть, что высшей формой эпического целого, в разных ее проявлениях, является сам эпос как памятник культуры, который, в свою очередь, явля-

ется идеальным способом отражения действительности, философии и эстетики казахов. А, изучение эпоса, в различных видах его проявления и воплощения позволяет понять мышление народа, его художественные идеалы и ценности. Таким образом, суммируя вышесказанное вместо заключения можно констатировать следующее:

- проявление идеи независимости в эпосе и в других его разновидностях закономерно в каждую историческую эпоху;
- изучение идеи независимости в эпических произведениях позволяет понять философию народа, его моральные и духовные ценности;
- исследование идеи независимости в эпических полотнах и других родственных жанрах казахского народа целесообразно и продуктивно.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Каратаев М.* Эстетика казахского героического эпоса: автореф. дисс.... канд. филос. н. – Алма-Ата, 1973.
2. *Бадалов Р.* Генезис и становление эпоса как социокультурного и эстетико-художественного феномена: автореф. дис. ... д. филос. н. – Москва, 1998.
3. *Мирзаев Т.* «Традиционные формы обучения узбекских народных сказителей» // Музыка эпоса. – Йошкар-Ола, 1989.
4. *Сарымсакова А.* «Жыр-кюи и Ән-кюи в домбровой традиции казахов»: автореф. дисс.... к.иск. – Алматы, 2010.

Резюме

Мақалада қазақ баласын тәрбиелеуде үлкен орынға ие болатын, сонау заманнан бері сақталып келе жатқан ауыз әдебиетінің түрлері – ән, күй, жыр, мақал-мәтел және ертегі сынды жанрлар аталады. Автор эпикалық жыр мен басқа да ауыз әдебиет түрлерінде азаттық идея бар екенін айта келе, оның басын ашып қарастыру қашан да болса өзекті мәселелердің бірі екенін дәлелдейді.

Summary

Clause is devoted to development and revealing of idea of independence in epic genres of the Kazakh culture of different epoch. Not casually rich oral poetic creativity and an immense песенно-musical heritage of Kazakhs, not looking for the long period of existence, to this day are a perennial spring of inspiration for the present and the standard of education of morals of a modern society.

During many centuries the Kazakh people has been compelled to protect the grounds from overseas aggressors ценою the life. And practically in all existed genres of musical art of Kazakh people, since the most ancient times, finishing modern products there is a theme of independence and freedom. And what area of folklore would be not mentioned now by researchers, in each of them, to some extent, finds reflection idea of independence of the state, separate persons or the certain layer of the population.

The author of clause considers, that disclosing of idea of independence in epic products and as in related to it{him} genres is an actual problem for a modern society which demands the decision.

ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНЕ АРНАЛҒАН КҮЙЛЕР

Желтоқсанда шындық жырын жырлаймын деп шарқ ұрдың,
Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.
Кеудемде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның
Айналайын, жас қайраты, жас өркені халқымның.
Мұхтар Шаханов

XX ғасырдың соңғы он жылдығына қарай қазақ елі ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке жетті. Көне заманнан бастап еркіндік үшін күресіп келген ата-бабаларымыз қан-майдаңда, жорық үстінде шайқасып келді. Сол азаттық үшін соңғы шайқас 1986 жылы желтоқсан айында болған жастар көтерілісін айтамыз. Бұл көтеріліс жаңа тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуына, социалистік одақтың ыдырауына алып келіп, қазақ ұлтының еркіндігіне жеткізген оқиға болды.

Бүгінгі күні желтоқсан оқиғасы қазақ музыка мәдениетінде үлкен тақырыптың біріне айналып отыр. Ұлттық музыканың ән, күй, жыр, симфония, кантата және т.б. жанрларында желтоқсан тақырыбында жазылған туындылар артып келеді. Күй өнерінде бұл көтеріліске байланысты Ғ.Ібішевтің «Желтоқсан», Қ.Үбіғалиевтің «Желтоқсан»¹⁴, В.Питерцевтің «86-жыл», Е.Үсеновтің ұлт аспаптар оркестріне жазылған «Арнау» атты күйлері дүниеге келді. Бұл мақалада аталған домбыра күйлері талдауға алынып, олардың музыкалық ерекшеліктері айқындалады.

«Желтоқсан» аттас күйлерінің екпіні әрқилы болғанымен музыкалық сипаттамасы жағынан қаһарлы, жігерлі естіледі. Күйлердің өлшемі мен қағысы тұрақты. Ғ.Ібішевтің «байсалды, мұңдата» екпінінде жүретін күйі 7/8 өлшемінде жазылып, жыр мақамымен сабақтастықты байқатады, күйдегі әрбір такт жырдың тармақтық жолына сәйкес келіп тұрады; Қ.Үбіғалиевтің «тез» екпінінде жазылған күйі 4/4 өлшеміндегі батыс аймағының адуынды күйлеріне тән жасалған. Туындылардың тұрақты тірегі «g-g» дыбыстарына негізделген. Күйлер буынды-көшірмелі құрылымда дамиды. Күй бастамаларының негізін ғұрыптық әндер ішіндегі жоқтауларда кездесетін кіші секундадан басталатын тетракордпен сабақтастырсақ, домбыра дәстүріндегі Сейтектің сексен ерді жоқтап шығарған «Сексен-ер» күйімен, сондай-ақ Қазан төңкерісі кезінде дүниеге келген «16-жыл», «17-жыл» туындыларымен үндеседі. Ғ.Ібішевтің күйінде бұл интонация бірден берілсе, Қ.Үбіғалиевтің шығармасында біртіндеп, дыбыстарға тұрақталу арқылы жүзеге асады.

Ғ.Ібішев «Желтоқсан»

Байсалды, мұңдана

п п п п п п п п

5 5 5 5 5 5 5 5

Қ.Үбіғалиев «Желтоқсан»

¹⁴ Күйлердің ноталық материалдары К.Сахарбаеваның «Атырау ән-күй мұхиты» (Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 784 б.) атты жинағынан алынды.

Тез

f

p

Әкесін жоқтау

Мұңды $\text{♩} = 108$


Ке- зім- б(е)е- ді жыр ай- тар,

Сейтек «Сексен ер»

Жылдам. Быстро. $\text{♩} = 132$

mf

Күйлердің әуен иірімінің желісі «g-в» тірегінен басталып, «g-d¹» тірегіне келіп тұрақталып, үстіңгі ішекте дами түседі. Ғ.Ібішев күйінің орта буыны «c¹-g¹» дыбыстарына негізделіп, ал Қ.Үбіғалиев күйінің орта буыны «e¹-f¹» дыбыстарына келіп, ӘИЖ-нің көшірмесі жүреді. Күй бастамаларына көшу алдында екі күйдің айырмашылығын айқын аңғаруға болады. Осы ретте Қ.Үбіғалиев терция аралығында дамитын секвенциялық үзбе арқылы келсе, Ғ.Ібішев «d-g» тірегінен басталатын кварта аралығын қамтитын жаңа интонацияны енгізеді. Бұл интонация «Елім-ай» әнінің алғашқы әуендік тармағына ұқсас келеді. Осы жаңа интонацияның өзегі саға бөлімінде көшірмесі өтеді.



Туындылардың саға бөлімдерінде күйшілер үстіңгі ішекте жүретін дәстүрлі әдістен бас тартқан. Екі күйші күй бастамасына оралу барысында секвенциялық үзбелер арқылы келеді. Бірақ Ғ.Ібішев орта буынға жеткенде глиссандо арқылы саға бөліміне қайта көтерілу арқылы үзіп тастап, жаңа интонацияны қайталап көйсе, Қ.Үбіғалиев бас буынға жеткенше секвенция үзбелерін жалғастырады. Шығармалар күй бастамаларын қайталап, орта буын арқылы бас буынға келіп, дәстүрлі аяқталады.

Осы оқиғаға арналған күйдің бірі композитор В.Питерцевтің «86-жыл» атты туындысы. Бұл шығарма ең алдымен 1996 жылы жарыққа шыққан «Мереке» атты күй жинағында, кейін «Үкілі домбыра» атты композитордың еңбегінде жарияланған. «86-жыл» күйі желтоқсан оқиғасының бес жылдығына орай шығарылған. Автор бұл туралы: «Күй «1986-жыл» в кульминации которого проходит тема народной песни «Елім-ай!» написан к пятилетию трагических событий 1986 года и впервые исполнен в концерте 16 декабря 1991 года» [1, 151-б.], – деп жазған.

Орташа екпінде жүретін күй 5/8 өлшемде дамиды. Күйдің тұрақты тірегі «*d-a*». Шығарманың бас буынында, орта буынында және саға бөлімінде жоғарғы ішекте дамиды әуен кварта аралығын қамтитын интонацияға негізделген. Мұнда «Елім-ай» әнінің алғашқы мотиві естілсе¹⁵, сағадан кейін жүретін бөлімде бұл әннің әуендік тармағын күйдің ыңғайына лайықтап дәйексөз ретінде келтіріледі. Бұл әнге музыкатанушы-ғалым Б.Г.Ерзакович: «Печальная мелодия «Елім-ай!» состоит из коротких выразительных двухтактовых фраз (за исключением одной трехтактовой), а по интонационному складу она, в известной мере, ассоциируется с похоронными напевами жоктау» [3, Б.144-145], – деген анықтама берген.



В.Питерцев «86-жыл»

¹⁵Ән дәстүрінде «Елім-ай» мотивінің негізін Б.Тұрмағамбетова «Заман-ай» әнінен табады. Бұл туралы зерттеуші: «Шығарманың жазылу барысында композитор бұл «Елім-ай» әннің жалғасы деген екен. Ия, әннің табиғи минорда жүруі мен әуен үзігінің кварта интервалына секвенциялануы, мотивтердің өн бойында қайталанып келуі халықтық «Елім-ай» әнімен ортақ нышандарды байқатады» [2, 103-б.], – дейді.



Композитор күйдің басынан аяғына дейін «Елім-айдың» мотивтерін пайдаланып, 1986 жылғы жастар көтерілісіне арналған туындының мазмұнын тереңдетеді. Себебі, бұл ән «Ақтабан шұбырынды» атанған жоңғар шапқыншылығы кезеңінен жетіп, XX ғасырдағы желтоқсан қозғалысында да маңызды міндет атқарған әннің бірі болып саналады. Ғалым Ш.Елеукенов «Тәуелсіздік биігінен» атты еңбегіндегі Е.Хасанғалиевпен кездескен әңгімесінде көтеріліс алаңында композитордың «Атамекен» әнімен бірге, «Елім-ай» және «Менің Қазақстаным» әндерінің орындалғанын: «... «Атамекен» 17-18-желтоқсанда екі күн, екі түн бойы шырқалды емес пе? Оған қоса «Елім-ай!», «Менің Қазақстаным» айтылды. Өзіңіз білесіз, мен көтеріліс болған алаңның іргесіндегі үйде тұрамын ғой. Брежнев алаңы /қазіргі Республика алаңы – Е.Ш./ мен Күләш Байсейітова көшелерінің қиылысында» [4, 221-б.], – дейді.

«Елім-ай!» әнінің алғашқы әуендік тармағы «d-d¹» тірегіне тұрақталып, «g» ішегі бурдон міндетін атқарып, «d» ішегінде әуендік тармағы ырғақ жағынан өзгеріске ұшыраған түрінде жүреді. Оның әуендік дамуында кездесетін септима арақашықтығы саусақтың керілуін талап еткендіктен аппликатуралық тұрғыдан алғанда қиындықтарды туғызады. Ал, әннің екінші әуендік тармағы шарықтау бөліміне қайта орылғаннан кейін, «d» ішегі бурдон ұстап тұрып, «g» ішегіндегі кіші саға бөлімінде дамиды. Күй бас буынмен дәстүрлі аяқталып, агогикалық жағынан біртіндеп сөну арқылы «piano»-ға келеді.

Талданған Ғ.Ібішев пен Қ.Үбіғалиевтің «Желтоқсан» аттас күйлері мен В.Питерцевтің «86-жыл» деген туындысы, сондай-ақ, Е.Үсеновтың ұлт аспаптар оркестріне жазылған “Арнау” шығармасы келешек ұрпақ санасын оятатын дүниелердің қатарына жатады. Бұл туындылар желтоқсан көтерілісі көрініс тапқан жаңа күйлердің пайда болуына негіз салады деп білеміз.

Бүгінгі күні бұл оқиғаның 25 жылдығының қарсаңында домбыра күйлерінің саусақпен санарлықтай болғаны ойланарлық жағдай. Оған қоса, қазіргі заман күйшілердің шығармашылығында арнау күйлердің кеңінен шығарылатынын ескерсек, солардың ішінде 1986 жылдың ызғарлы, қаһарлы желтоқсанында азаттық үшін ерлік көрсетіп, көтеріліс құрбандары болған Қайрат, Ләззат, Сәбира, Ербол және т.б. арнаулардың ұшыраспауын байқасақ, неге оларға арнаулар жоқ деген сауалдың туындауына әкеледі. Оның себебін алғашқы кезде бұл оқиға туралы сөз қозғауға, оған арналған музыкалық шығармалардың орындалуына тиым салынғаннан кейін күйлер туындамаған деп білсек, ал қазіргі кезде уақыт өткен сайын ұмыт болып бара жатқаннан кейін шығарылмайды деп білеміз. Сондай-ақ, Б.Шайманұлының: «Тәуелсіздікті алып берген бұл көтерілісті біз бар-жоғы алаңдарда концерт көріп, би билеумен ғана өткіземіз» [5], – деген жолдарынан бүгінгі күннің ақиқатын көреміз.

Сондықтан алаш елін тәуелсіздікке жеткізген желтоқсан көтерілісі мен жастардың қаһармандығын мәңгі есте сақтау үшін үлкен талаптар қойылып, мемлекеттік деңгейде іс-шаралар өткізу қажет. Атап айтқанда:

- осы оқиғаға арнайы жазылған шығармалардан тұратын күйші-композитордың байқауын ұйымдастыру;

- жастар көтерілісі көрініс тапқан озық туындыларды жоғары және орта оқу орынында жүретін «Қазақ музыкасының тарихы», «Халық шығармашылығы», «Этносопфеджио», «Мәдениеттану» және т.б. пәндердің бағдарламаларына енгізу;

- желтоқсан қозғалысына арналған ән-күйлер жинағын шығару;
- бұқаралық ақпараттар құралдарынан осы оқиғамен байланысты шығарылған туындылар үнемі берілу керек.

Келешекте бұл талаптарды жүзеге асыру арқылы тілін, дінін құрметтейтін, елін, жерін, Отанын сүйетін және тәуелсіздікті бағалайтын патриот азаматтарды тәрбиелей аламыз деп сенеміз.

Мақаланы өмірден өтіп кеткен желтоқсандықтардың атынан, бүгінгі ұрпаққа ескерту ретінде жолданғандай шығарылған Кәкімбек Ердібаевтың «Желтоқсан құрбандарының хаты» атты әнінің мәтінімен түйіндейміз:

Бізді еске ала ма,
Сол алаңға бара ма?
Қан төгілген жерлерге
Гүл шоқтарын қоя ма?
Біздің іске сенді ме?
Әділ баға берді ме?
Адалдығын ызының
Жан анашым білді ме?
Қазағымның намысын
Ту көтердік бағы үшін.
Атқа қондық біз жастар,
Азаттықтың таңы үшін! [6].

ӘДЕБИЕТ

1. *Питерцев В.* Үкілі домбыра. – Алматы. 2011. – 200 б.
2. *Тұрмағамбетова Б.* Замана үні «Заман-ай» // Керуен. № 03(24) 2011. – Б. 91-99.
3. *Ерзакович Б.Г.* Песенная культура казахского народа. – Алма-Ата, 1966. – 401 б.
